

орманда
жүрмей

Кіші топ		ЦИКЛОГРАММА				
Апта нөмірі		№2				
Күндері		01.08 - 05.08.2022ж.				
Өтпелі тақырыптың атауы		Орман ертегілері / Лесные сказки / Forest tales				
Мекеменің атауы, тобы		Балбөбек				
Педагогтің аты-жөні		Алиева С				
Апта күндері		Дүйсенбі		Сейсенбі		Сәрсенбі
Күн тәртібі						
Балаларды қабылдау		Күнделікті дене қызуын өлшеу, балалардың дене терісіне, сыртқы келбетіне назар аудару; тәрбиешінің ата-аналарды толғандарған сұрақтарына жауаптары; балаларға арналған қолайлы орта тудыру.				
Ата-аналармен әңгімелесу.		Ата-аналармен "Балаларға ертегі оқу"				
Еңбекке баулу		Еңбекке баулуға арналған тапсырма: конструктор бөлшектерін қорапқа жинау. Конструктордың қорапқа салынғанына назар аудару; егер олар шашылып жатса, бөлшектері қорапқа симайтынын белгілеу. Мақсаты: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.	Еңбекке баулуға арналған тапсырма: табиғат бұрышындағы бөлме өсімдіктерінің жапырақтарын сүрту. Мақсаты: еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру, өсімдіктерді аялауға тәрбиелеу.	Еңбекке баулуға арналған тапсырма: "Ойнап болғаннан кейін топ ішін жиыстыру". Мақсаты: балаларда саналы түрде тәртіпке деген ұмтылысты, ойыннан кейін ойыншықтарды жинау әдетін қалыптастыру, жұмыс жоспарын құра білу, алдағы іс-әрекетке қажетті материалдарды таңдай білуге үйрету.	Еңбекке баулуға арналған тапсырма: үлескедегі бұтақтарды жинаймыз. Мақсаты: қарапайым тапсырмаларды орындауды үйрету; еңбек дағдыларын қалыптастыру.	Еңбекке баулуға арналған тапсырма: серуен алдынды ойыншықтарды жинау. Жапырақтарды, бұтақтарды, тастарды шелекке жинап салу, белгіленген орынға апару. Құмды құмсалғышқа салу. Құмды құлсалғыш қақпағынан сыпыру. Мақсаты: қарапайым тапсырмаларды орындауды үйрету; еңбек дағдыларын қалыптастыру.

Ойындар (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары)	Көркем сөз. Ертегілер өте көп, Үнемі айтып жүреміз. Кімнің көп білетінін, Қазір сұрап, білеміз. Балалар, сендер қандай ертегілерді білесіңдер? Танымал ертегілерді атау: "Үйшік", "Шұбар тауық", "Бауырсақ", "Аққу-қаздар", "Маша мен аю", "Үш аю" және т.б. Қиынды суреттермен ойындар: "Ертегі кейіпкерлерін құра". Мақсаты: балаларды ұсақ бөліктерден (2-4) тұтас бейнені құрастыруға дағдыландыру; жазықты бағдарлау, ойлау, қабылдау қабілеттерін дамыту. Балаларды, ертегі кейіпкерінің суреті құрастырылғаннан кейін, оны атауға шақыру. Логоырғақты жаттығу: "Бауырсақ" және музыкамен жүгіру. Мақсаты: Бауырсақ кейіпкерінің сөздерін жатқа ырғаққа сай айтуға машықтандыру; ертегі әлеміне деген қызығушылықты арттыру. Мен Бауырсақпын, Бауырсақ, Менің бетім домалақ.	"Бауырсақ" ертегісін фланелеграфта көрсетіп отырып, айту. Мақсаты: балаларды ертегі мазмұнын мұқият тыңдап, желісін есте сақтауға мүмкіндіктер жасау; ертегі әлеміне деген қызығушылықты қалыптастыру. Мазмұндау элементтерімен ертегі желісі бойынша әңгімелеу. Құралдары: фланелеграф, ертегі кейіпкерлерінің кескіндері.	"Ертегі кейіпкерлерін бейнеле" музыкалық ойыны. Мақсаты: балалардың эмоционалды дамуына жағымды ықпал ету; коммуникативтік қабілеттерді дамыту; ертегілер әлеміне деген қызығушылықты тудыру. - Балалар, ертегі кейіпкерлеріне айналғыларың келе ме? - Мен ертегі кейіпкерлері жайлы өлең оқимын, ал сендер, балалар, ортаға шығып өлеңде айтылған жан-жануарды қимылмен көрсетесіңдер. Тәрбиеші жан-жануарды сипаттайтын қысқа өлең оқиды, балалар қимылдарын келтіреді. Түлкі деген қу ғой, Жүрген жері шу ғой. Жатып алып жағада, Іздегені ду ғой. Қорбаң-қорбаң, қорбаңбаймын, Омартаны аралаймын, Аяқ-қолды жаралаймын, Бал ұрлауға арланбаймын. Ұзын құлақ, сұр қоян, Естіп қалып сыбдырды, Ойлы-қырлы жерлерден, Ытқып-ытқып секірді.	Тақпақ мәнерлеп оқу жаттығуы. Мақсаты: балалардың есте сақтау, ойлау, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту. Құралдар: әтештің суреті. Көркем сөз. Айдарлы әтеш, Таң атпай тұрыпты, Ойқастап жүріпті. Жан-жағына қарапты, Айдарын тарапты. - Балалар, әтеш адасып, қандай ертегіден келгенін ұмытып қалыпты. Қане оған ертегіні табуға көмектесейікші: - Ертегінің шымылдығы ашылсын, Балаларды әлеміне шақырсын! Кітаптар көрмесі. Мақсаты: балаларға кітаптарды қарауға деген қызығушылығын, әдептілікке, көркем сөзге деген сүйіспеншілікті қалыптастыру. - Балалар, әтешті қандай ертегілерді кездестіруге болады? ("Қоянның үйшігі", "Аңдардың қыстауы", "Мысық, әтеш және түлкі", "Тауық пен әтеш".) - Дұрыс,	""Шұбар тауық" ертегісін рет-ретімен құрастыр" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балаларды бірнеше суреттерден "Шұбар тауық" ертегісінің желісін құрастыруға машықтандыру; есте сақтау, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. - Балалар, алдарыңда жатқан бірнеше суреттерге қарап, олардың "Шұбар тауық" атты ертегінің желісі бойынша бір ретке тізіп алайық. - Карточкаларда қандай ертегі бейнеленген? Қандай суретті біз бірінші орналастырамыз? Онда не бейнеленген? Ата мен әженің үйінде не өмір сүрді? Енді қандай суретті қою керек? Тауық не істеді? Керек суретті тап? Одан кейін не болды? Жұмыртқаны бірінші кім жарып көрді, ата ма, әлде әже ме? Одан кейін не болды? Қай суретті ең соңында қоямыз? Тауық ата мен әжені қалай жұбатты? (Балалар тәрбиешінің сұрақтарына жауап бере отырып, карточкаларды орналастырады.) Тауық көп жұмыртқа тапты, бірақ алтын емес, жай жұмыртқалар. Олардан балапан басып шықты. Қане, сендер балапан болындаршы.
---	--	---	--	--	--

	Қалған ұннан илендім, Ыстық майға піскенмін. Бауырсақпын, домалақпын, Домалап келем жолақпен.		Бақа, бақа, балпақ, Көзі оның тостак. Қырдан алыс көп қарап, Көзі содан тостак. Қасқыр орманда жортады, Аяздан ол қорқады, Аспанға қарап ұлиды, Ауылда малды ториды. Біз Тышқанбыз, Тышқанбыз, Дән тереміз тыстан біз. Жол бойынан ін қазып, Жинап жүрміз күнде азық.	жарайсыңдар! Қане, есімізге түсірейікші «Қоянның үйшігі» ертегісінде әтеш қандай? (Батыл, ержүрек, батыр.) - Дұрыс, ал "Мысық, әтеш және түлкі" ертегісінде әтеш қандай? (Тілазар.) - Дұрыс, жарайсыңдар! Әтеш "Тауық пен әтеш" ертегісінде қандай? (Қыңыр, тілазар.) Балалар бірден жауап бермей жатса, педагог өзі айтып, балаларға қайталатады. Құралдар: белгілі ертегілер кітапшалары, кітап сөрелері.	
--	---	--	---	---	--

Таңғы жаттығу	Балалар біз сендермен, сиқырлы орманға саяхатқа барамыз. Орманда серуендеп, құстардың әнін тыңдап, гүлдер мен ағаштарды бақылайық. Құстар әнінің дыбысы естіледі: балалар топ ішінде баяу жүреді, тоқтайды. Жалпы дамыту жаттығулары Орманда таң атты, күн шықты. Қолдарынды жоғары созыңдар, күн сәулесі жылытсың. 1 – қолды көтеріп, керілеміз. 2 – б. қ. ораламыз. 3 – қолды көтеріп, керілеміз. 4 – б. қ. ораламыз. Көгалда гүлдер ашылды 1 - қолды көтеру. 2 – екі жаққа бұлау. 3 -
----------------------	---

	қолды көтеру. 4 – екі жаққа бұлғау. Көбелектер оянып, гүлден-гүлге қона бастады. Баяу қарқында отырып жүгіру. Бір кезде жел соғып, бұтақтар қозғала бастады. Қолды көтеріп, денені екі жаққа еңкейту. Жапырақтар шулай бастады. Қолды көтеру, еркін қозғалыстар.				
Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Көркем сөз: Денсаулыққа пайдалы, Ботқа жейік келіндер. Өзі жұмсақ, тәп-тәтті, Дәмін татып көріңдер. Мақсаты: балаларды жақсы тәбетпен, әдеппен тамақтануға бейімдеу.				
Ойындар, оқу қызметіне дайындық	ҰОҚ-не дайындалуға арналған ойындар мен ойын жаттығулары				
	Психологиялық дайындау сәті. Мақсаты: балалардың ертегілер әлеміне деген қызығушылығын арттыру. Мен сендерді бір ғажайып әлемге, ертегілер еліне саяхатқа баруға шақырамын. Ал сендер ертегілерді жақсы көресіңдер ме? - Олай болса, жолға шығайық. Ал ертегі дегенім не? Ертегілерде қарапайым өмірде болмайтын нәрсе болады. Аңдар, жан-жануарлар сөйлей алады, адамдар сиқырлы заттарды пайдаланады. Сендер қандай сиқырлы заттарды білесіңдер? (Балалардың жауаптары) Мыстан кемпірдің сыпырғышы, сиқырлы жіп	"Менің сүйікті ертегілерім әңгімелеуі. Мақсаты: балалардың апта тақырыбы бойынша сөздік қорларын белсендету және дамыту үшін жағдай тудыру. Орталықтарда суреттер мен үстел-үсті ойындарын орналастыру. Құралдар: балаларға таныс ертегі сюжеттері салынған суреттері.	Миға шабуыл. Мақсаты: балалардың ертегілер туралы білімдерін пысықтау; байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру. - Балалар, мен де сендермен ертегіге барғым келеді. Аламын да әжеге айналамын! (Тәрбиеші басына орамал тағады.) - Балалар, қандай ертегілерде әже тұрады? (Балалар атайды: "Шалқан", "Бауырсақ", "Шұбар тауық"). "Дәмінен ажырат" ойыны. Мақсаты: балалардың түйсік-сезімдерін жетілдіру. - Мен атаға арнап бауырсақ пісіргім келеді, бірақ ұнның және қанттың қайда екенін ұмытып	"Әтеш пен бұршақ дәні" ертегісін айту. Фланелеграфтағы театр. Мақсаты: балалардың ертегілер әлеміне деген қызығушылығын арттыру; ертегі желісін есте сақтауға мүмкіндіктер жасау. Құралдары: ертегі кейіпкерлерінің кескіндері, фланелеграф.	Сергіту сәті. Мақсаты: балалардың қимыл қабілеттерін, ырғаққа сай қимылдау қабілетін дамыту. Ну орманда бір үй тұр (Балалар бір орында адымдайды.) Алға емес, артқа қарап тұр. (Балалар бұрылады) Сол үйшікте кемпір бар. (Сұқ саусақты шошайту.) Мыстан кемпір деген тұрғын бар. (Екінші қолдарын шошайту.) Мұрны ілмек, (Саусақпен көрсету.) Көзі үлкен, (Көрсету.) Отша лаулап, жанады. (Бастарын шайқау)

	орамы, сиқырлы таяқша, ұшатын кілем т. б.		қалдым. Балалар, маған оларды ажыратуға көмектесіңдерші. (Үстел үстінде екі ыдыс тұрады: біреуінде қант, ал екіншісінде ұн. Балалар ыдысқа саусақтарын салып, қайсысынды қант, ал қайсысында ұн екенін дәмі .) - Ал сендер қант екенін қайдан білдіңдер? (Балалардың жауаптары - ол тәтті.)		Оһ, өзі сондай ашулы! (Бір орында жүгіру) Шаштарымыз тікірейді. (Қолды жоғары көтеру).
Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ	Дене шынықтыру "Орман дәрігері" Мақсаты: Балаларды допты кеудесінен төмен ұстап, алдыға қарай жоғарыға лақтыру іскерліктерін жетілдіру; балаларды лақтыру жаттығуын ынтамен жасауға құлшындыру; дене, қол және саусақ бұлшық еттерін дамыту; допты бастан жоғары лақтыру техникасын меңгерту және лақтыру қабілеттерін кеңейту; лақтыру кезінде ептілік пен дәлдік дағдыларына тәрбиелеу. <i>"Жемістерді себетке жинайық" ойыны.</i>	Сөйлеуді дамыту "Арыстан мен түлкі" Мақсаты: Ертегіні оқу, мазмұнын түсіндіру. Ертегінің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту, тілдерін дамытып, байланыстырып сөйлеуге үйрету; қоршаған әлемдегі жануарларды ажыратып тануға деген түсініктерін кеңейту. Олардың тіршілік мекенін білуге үйрету. Балалардың артикуляциялық аппаратын, сөйлеу тынысын және диалогтық сөйлеуін, есте сақтау, есту және көру зейіндерін дамыту.; қайырымдылық, жанашырлық сезіміге тәрбиелеу. <i>Дидактикалық ойын: "Жабайы аңдарды тап".</i>	Сенсорика "Сиқырлы домалақ" Мақсаты: Балалардың сенсорлық қабылдауларын дамыту, геометриялық фигуралар туралы білімдерін бекіту. <i>«Үлкен және кіші» дидактикалық ойыны.</i>	Мүсіндеу "Бауырсақ" Мақсаты: Балаларға екі алақанның ортасымен дөңгелек жасауды үйрету; бұйымды қосымша материалдардың көмегімен, керекті бейнеге жеткізу. Ертегінің мазмұнын түсіну. Сөйлеу және ойлау дағдыларын дамыту. <i>Саусақ гимнастикасы.</i>	Музыка "Ертегілер әлемі" Мақсаты: «Ертегілер елінде» әуен ырғағы туралы ұғым беру. Балалардың музыкаға қызығушылығын, қабілетін арттыру. Музыкалық әуен арқылы балаларды ойыншықты ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. <i>Музыкалық-дидактикалық ойын.</i>

II-ші таңғы ас	Астарың дәмді болсын
----------------	----------------------

Серуен	Аула сыпырушының жұмысын бақылау. Мақсаты: аулашының еңбегі жайындағы түсініктерін тиянақтау; байқағыштыққа, ересектердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. Аула сыпырушының көгалды (газон) тазалайтынына назар аудару. Аула сыпырушыда қандай еңбек құралдары бар екеніне назар аудару. Жеке жұмыс: өлең жаттату. Ерте тұрып бұл ағай, Сыпырады ауланы. Тап-тұйнақтай етеді, Ойнайтын бар алаңды. "Тауық пен балапандар" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларда белгі бойынша әрекет ету біліктіліктерін дамыту, түрлі бағытта жүгіру мен еңбектеуге жаттықтыру. "Көбелекті гүлге қондыр" ойыны. Мақсаты: сигнал бойынша алаңда жайылып жатқан гүлдердің кескіндеріне бір көбелектің бейнесін түстеріне сай қондыруға дағдыландыру; түстерді қабылдау, зейін,	Құм мен топырақтың қасиетін бақылау. Мақсаты: құм мен топырақтың қасиетін, олардың ұқсастығы мен айырмашылығын анықтау. Құрғақ және дымқыл құмның түсін бақылау. Дымқыл (ылғалды) құмнан түрлі пішіндер мүсіндеуге болады, ал құрғақ құм шашылып, пішінді сақтай алмайды. Балаларға құмнан пішіндер мүсіндеп, айырмашылығына бірге көз жеткізуді ұсыну. Көркем сөз. Елден алғыс алатын Өскен кезде ер болам. Сәнді үйлер салатын Құрылысшы мен болам. "Жалауға қарай жүгір" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: тәрбиешінің белгісі бойынша әрекет етуді үйрету. Балалардың зейіндерін, түстерді ажырату біліктіліктерін дамыту. Жүру мен жүгіруді жаттықтыру. "Жидекті теріп алайық" ойын-жаттығуы. Мақсаты: балаларды алдын-ала алаңға таратылып жайылған	Аспан мен бұлттарды бақылау. Жаз туралы түсініктерін бекіту. Аспандағы өзгерістерге назар аудару. Аспан қандай: көгілдір, бұлт пайда болды. "Ұядағы құстар" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларды түрлі бағытта жүгіруге жаттықтыру, тәрбиеші белгісін ести білу, кеңістікті бағдарлай білу біліктіліктерін дамыту. “Бедерлі жолдармен” ойын жаттығуы. Мақсаты: асфальтта сызылған бедерлі сызықтармен жүруді жаттықтыру. "Көлік" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсаты: балаларды кеңістікті бағдарлауға машықтандыру; ойын желісін түсініп, көлік жүргізушісі ретінде белгі бойынша бір бағытта, ешкімге соғылмай, жүгіруге бейімдеу. Шығарылған материал: рөлдер, жол жүру белгілері. Жолда жүру ережелерін еске түсіру. Жеке жұмыс: құмда	Құмырсқаны бақылау. Мақсаты: балаларды жиі кездестіретін жәндікпен, олардың тіршілігімен, өмір сүрулері үшін маңызды жағдайлармен таныстыру. Құмырсқамен таныстыру. Құмырсқа илеуін қарастыру. Ол неден тұрады? Шыбықтар, ағаш қабығы, топырақ – бұлардың барлығын кішкентай еңбекқор - құмырсқалар әкелген. Кішкентай тесіктер-бұл кіру жолы. Құмырсқалар ешкімге зиянын тигізбейді. Өлең жаттау. Еңбексүйгіш құмырсқа, Ерте тұрып жұмысқа. Күнде астық тасиды, Толтырады ас үйді. "Өз түсінді тап" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: кеңістікті бағдарлау, спектрдің негізгі түстерін ажырату біліктіліктерін қалыптастыру; белгі бойынша бір бағытта жүгіре білу қабілетін жетілдіру. "Кім жылдам?" қимыл-қозғалыс ойыны.	Бақылау: "Ыстық жаз!" Мақсаты: балаларды жаз тән ерекшеліктермен таныстыру. Сөздік қорларын кеңейту. Өздері өмір сүретін елді мақтан тұтуға тәрбиелеу. Әңгімелеу. - Жаз келді. Күн бар күшін салып жер бетін қыздыруға тырысады. Ағаштар, шөптер мен гүлдер қуануда. Құстар қуанышпен, жазға арнап, арнап ән салуда. Мысық күнге қыздырынуға шықты. Күн көзіне бүйірін төсейді. Балалар да күнмен ойнауды жақсы көреді. Жазда шомылуға, күнге қыздырынуға, велосипед пен ролик тебуге болады. Жазда батпырауық ұшыруға болады. Ал барлық балалар құмда ойнағанды ұнатады. - Егер ыстықтан шаршасандар, онда ағаш көлеңкесіне жасырынуға болады. Қайынның немесе жөке ағашының көлеңкесі үнемі салқын болады. - Күн сәулесінен қорғану үшін үнемі бас киіп, жиі су ішу керек. Жазғы ойын-сауықтар туралы суреттерді көрсетуге болады. "Біз жолдармен жүреміз" ойыны-эстафетасы. Балалар
--------	--	--	--	---	---

	ойлау, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту. Құралдар: негізгі түстерге боялған көбелектер мен гүлдердің қағаздан кескіндері. Еңбекке баулуға арналған тапсырма: үлескедегі тастар мен шыбықтарды жинау. Мақсаты: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Еркін ойындар: түрлі-түсті борлармен асфальтта сурет салу.	жидектердің кескіндерін сигнал бойынша қорапшаға жинауға тарту; зейінді, кеңістікті бағдарлау, бір-біріне бөгет болмай қимылдауға бейімдеу. Еңбекке баулуға арналған тапсырма: серуеннен қайту алдында ойыншықтарды реттеу. Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек тапсырмаларын орындауға үйрету. Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын әрекеті. Шығарылатын материал: күрекшелер, шелек, калыптар, қарындаштар.	таяқшамен бұлттың суретін салу. Еңбекке баулуға арналған тапсырма: үлескедегі ойыншықтарды реттеу. Мақсаты: ұқыптылыққа тәрбиелеу. Балалардың шығарылған материалмен ойындары.	Мақсаты: допты қағып алуға жаттықтыру. "Аттап өт" қимыл жаттығуы. Мақсаты: балаларда алға жылжып екі аяқпен секіру қабілетін дамыту. Белгі бойынша әрекет ету, ұзындыққа және биіктікке секіруге, тез жүгіруге жаттықтыру. Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын әрекеті. Шығарылатын материал: күрекшелер, шелектер, калыптар, жыл мезгілдеріне сәйкес киінген қуыршақтар, машиналар. Еңбек тапсырмасы: гүлзарда өскен гүлдерді суару. Мақсаты: қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру; қамқорлыққа тәрбиелеу.	екі аяқпен алғы жылжып отырып, жол бойымен секіреді (жолдың ұзындық мөлшері 2-3 м). Жолдың соңында әрқайсысы қораптан доп алып, қайтар бағытта домалатып, артынан жүгіреді. Егер бала тапсырманы орындауға қиналса, онда міндетті түрде жолдың аяғына дейін секіріп өтуді, талап етудің қажеті жоқ. Жолды белгілеу үшін түрлі-түсті бауларды, гимнастикалық таяқтарды қолдануға болады. Еңбек тапсырмасы: үлескені құмнан тазалау. Мақсаты: қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру; тазалыққа тәрбиелеу.
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін реттілік сақтай отырып шешінуді, киімдерін шкаф сөрелеріне орналастыруды, қол жууды үйрету. Көркем сөз. Сабынымды аламын, Алақанға саламын. Көпіртемін жақсылап, Қолды жуамын мұқият. Білек, бетті, мойынды, Жуамын да, сүртемін. Тап- таза, көңілді боп, Мен үнемі жүремін. Тусипжанова-Шагирова А.				

Түскі ас	"Қасықты дұрыс ұстап үйренеміз". Балаларды қасықты дұрыс ұстауды үйрету бойынша жұмысты жалғастыру. Ғажайып сәт. Топқа қасықты ауызына дұрыс апармай, көжені шашыратып, үнемі көйлегін былғап алатын Данаға қуыршақ "келеді". Балалар қонақты сабырға шақырады. Оған "қуыр, қуыр, қуырмаш" санамағын айтып береді. Кейін тәрбиеші сәбилерге сиқырлы қасықтарын қолдарына алып, қуыршақ Камилаға көжені қалай жеу керектігін көрсетуді ұсынады. Соңында Камила балаларға алғысын білдіреді.
Күндізгі ұйқы	"Көңілді шеңбер" аз қимыл-қозғалыс ойыны. Балалар бір-бірінің қолынан ұстап шеңбер құрады. Тәрбиеші балалармен бірге шеңбер бойымен айналып, өлеңді бірге оқи бастайды. Қол ұстасып қанеки, Айнала кеп тұрайық. Тазаланып жуынып, Түскі асқа барайық. Көже, сусын салатың, Дастарханда дайын тұр. Демалсын деп бір мезгіл, Жұмсақ төсек күтіп тұр. "Жұмсақ төсек" сөздерінен кейін, балалар тоқтап, қолдарын беттеріне қойып — "ұйықтайды".
Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары	Ұйқыдан кейінгі шынығу жаттығуы. Мақсаты: өз денелеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Күннің екінші жартысына күш-қуат беру. МГД: өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын бекіту (киімдерді жүйелі кию).

Бесін ас (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Қолды сабындау және түзу қимылдармен жууды үйретуді жалғастыру, қолды жуғаннан кейін сығуды үйрету. Қолдарын өз орамалдарымен сүртіп, орнына ілу біліктіліктерін бекіту. "Балалар қолдарын жуады" тақырыбы бойынша иллюстрациялар қарастыру және сол бойынша әңгімелесу. "Біз қолымызды қалай жуамыз" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балалардың қолды жуудағы әрекеттерін тиянақтау. Жаттамақ оқу: "Мөлдір су".
---	---

Ойындар, жеке-дара ісәрекет (сюжетті-рөлдік, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары)	"Дәрігерде" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсаты: балаларды дәрігер қызметімен таныстыру, медициналық құрал-жабдықтардың атауларын бекіту; ойын мақсатын жүзеге асыруға үйрету. Сюжеттегі екі кейіпкердің өзара әрекеттесу (дәрігер — науқас), алмастырғыш ойыншықтармен жеке ойында ойыншық пен өз рөлін қатар алып жүру іскерліктерін қалыптастыру. Ертегі аудиотаспаларын тыңдау. Құралдары: ойында қолданылатын құрал-заттар, дәрігердің киімі.	"Үйшік" үстел-үсті театры. Мақсаты: балалардың ертегілер әлеміне деген қызығушылықтарын арттыру. - Балалар, ертегілер басталды! Театрға келіңдер! Балалар орындықтарға отырады. - Бүгін біз сендермен театрға келдік. Жайғасып жайлы орынға, Тамашалап көріңдер. Құралдары: үстел үсті театрына, "Үйшік" ертегісіне, қатысты бейнелер мен кейіпкерлердің кескіндері, тіреушелер.	"Үйшік" ертегісі бойынша жұмбақтар шешу. Мақсаты: балалардың "Үйшік" ертегісіндегі кейіпкерлерді білуге деген қызығушылықтарын арттыру. Құралдары: "Үйшік" ертегісі кейіпкерлерінің суреттері. Бір, екі, үш, деп санаймыз, Ертегілер еліне тап боламыз! (Балалар музыкамен бір орында айналады) Міне біз сиқырлы әлемге келдік. Ішін аралап көрейік. (Тәрбиеші балаларды өз артынан, шеңбер бойымен ертеді). - Балалар, қараңдаршы, біз сендермен сиқырлы көгалға келіп қалдық, айналамыз қандай әдемі! - Ой, қараңдаршы, көгалда қандай әдемі қап жатыр. – Балалар, қызық, қапта не бар екен? Кәне, отырып, көрейік! Бұл жұмбақтар екен, оларды мұқият тыңдап, шешуін табыңдар. (Балалар жұмбақтарды шешеді) Жұмбақтар: Сылдырдан қорқады, Шошынып жортады. (Коян) Таңдайлары тақылдап, Шулайтын бақылдап. (Бақа) Итке ұқсас пішіні, Ұнатпайды кісіні. (Қасқыр) Сайқымазақ қулығы бар,	""Шалқан" ертегісін рет-ретімен қой" дидактикалық ойыны. Мақсаты: "Шалқан" ертегісі желісін пысықтау; ойлау, қабылдау, сөйлеу қабілетін дамыту. - Балалар, алдарыңда бірнеше сурет бар. Бұл суреттерде қай ертегі кейіпкерлері салынған? - Иә. Бұл "Шалқан" ертегісінің кейіпкерлері. - Олай болса, ертегінің желісін еске түсіріп көрейік. Суреттерді рет-ретімен қойып көрейік. - Шалқанды тартып шығаруға кім бірінші келді? Кім бірінші келді — әже ме, әлде немере қызы ма? Содан кейін не келді? Шалқанды тартуға, ең соңғы не келді? - Суреттер бойынша алдымен не болғанын, содан кейін не болғанын айтып беріңдерші? Тапсырма қайталанады. Мүсіндеу: "Шалқан". Мақсаты: "Шалқан" ертегісінің желісін еске түсіру, екі қолмен дөңгелектеу қимылдары арқылы шалқанның денесін мүсіндеп шығаруға бейімдеу; ұсақ қол моторикасын дамыту. Құралдары: тактайшалар, ермексаз бөліктері.	"Шұбар тауық" ертегісін тыңдау. Мақсаты: "Шұбар тауық" ертегісі желісін пысықтау, кейіпкерлерді айтуға белсендіру; ойлау, қабылдау, сөйлеу қабілетін дамыту. Ертегі тыңдап болғаннан кейін сұрақтар қою: - Ертегі қалай аталады? (Шұбар тауық.) - Ертегіде кімдер жылады? (Ата мен әже.) - Жұмыртқаны не сындырды? (Тышқан.) - Ал тышқан қалай дыбыстайды? (Пи-пи-пи.)
--	--	--	--	---	--

			Барған жерде ұрлығы бар. (Түлкі) Жазда қыдырады, Қыста тынығады. (Аю) Үй ішін аралап, Түнде көп жортады. Қаптарды жарып, Мысықтан қорқады. (Тышқан) - Балалар, бұл қай ертегі кейіпкерлері? - Дұрыс, "Үйшік" ертегісі!		
Серуенге дайындық (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	"Тілалғыш түймелер мен баулар". Мақсаты: балаларда өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру, аяқ киімнің бауын тағуды үйрету, түймелеудің басқа түрлерін қолдануға жаттықтыру, (түймелер, жапсырғыштар, жүгіртпелер).	Ойын жаттығуы: "Киімді бүктеп үйренеміз". Мақсаты: киімді дұрыс бүктеу біліктіліктерін қалыптастыру. балаларды өз киімдерін танып, атауға, өз шкафын белгіленуі (суреті) бойынша табуды үйрету.	Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Мақсаты: балаларды жылдамдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Мақсаты: өзін-өзі күту дағдыларын жетілдіру. Жапсырғыш тағындыларды тағу, ағыту дағдыларын қалыптастыру, түймелеудің басқа түрлерін қолдануға жаттықтыру. Аяқ киімді кию дағдысын қалыптастыру, ересектердің көмегімен түймені тағу, киімді шкафқа ілу. Шешіну бөлмесінде әдептілік ережелерін сақтауды үйретуді жалғастыру.	Мақсаты: шкафтан далаға киетін аяқ киімін алу дағдысын қалыптастыру, көмек сұрау кезінде сөзбен өтініш білдіруге үйрету, қабылдау бөлмесінде өзін-өзі ұстауға үйрету. Жазғы серуен кезіндегі ережелер: - серуен кезінде бас киім немесе орамал тағу;- ыстық ауа-райында, көлеңкеде ойнау (үлеске төбелдірігінде); - күнге тіке қарамау, себебі бұл көру қабілетін нашарлатуы мүмкін;

					- серуендеу кезінде әркім өз жеке стақанынан тек қайнатылған су ішуге болады; - серуен кезінде жемістерді (алма және т.б.) жеуге болмайды, өйткені қол кір болады және оларда ауру тудыруы мүмкін микробтар көп.
--	--	--	--	--	--

Серуен	Аула құстарын бақылау. Мақсаты: аулада ұшып-қонып жүрген құстарды сыртқы келбетінің ерекшеліктері, қимылдары, дыбыстары арқылы ажыратуға баулу (торғай, қарға, сауысқан, көгершін, т.б.); бақылағыштыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. "Шалқан" ертегісі бойынша саусақ театры. Вагондар боп тізілеміз, Жолға шығуға бекінеміз. Ертегілер еліне сапар шегеміз, Бір, екі үш, ертегіні тауып көреміз. - Ал бізге ертегіні табу үшін, жұмбақ шешуді ұсынамын. Балалар, ойланайық, Жұмбақтың шешуін табайық Шықпайды	Ауа-райын бақылау. Мақсаты: балаларға ауа райының құбылмалы екендігін, (жаңбырдан кейін ауадағы ылғалдылықты байқауға болатынын) көрсету; жапырақ, орындық, үлескенің дымқыл немесе құрғақ болғанын байқату; кешкі уақытта күн төмендеу түсіп, біраз салқындағанын байқату; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. "Қол ұстасып жүру" ойыны. Мақсаты: белгі бойынша ортаға қозғалуға, екі шеңбер құра білуге дағдыландыру (орталар қарама қарсы жакка айналады, қолдарын ұстамай бір жағына); ұжымдық сезімге тәрбиелеу. Ойын жағдаяты: "Инде не тұрады?" - тышқанды ініне орналастыру үшін, тәрбиеленушілерге жағдай жасау. Балаларға гүлдер бейнеленген боямақтар	Жолдың жүру бөлігін бақылау – жолда жүру ережелері жайлы түсініктерін қалыптастыру. (ересектердің қолынан ұстап жүру, жолдың жүру бөлігіне жүгіріп шықпау). Мөлшерлі жүріс - қимыл белсенділігін меңгеру – баяу – жылдам. Балалардың серуендегі шығарылған материалмен дербес әрекеті (құмда ойнау жиынтығы, доптар, көліктер). Балалардың қалаулары бойынша ойындар. Еңбек тапсырмасы: құмсалғыштың бетін қоқыс бұталардан тазалау. Мақсаты: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын әрекеті. "Балапандар мен күшік" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларды еліктеу қимылдарын жасауға	Ауа-райын бақылау. Мақсаты: балаларға ауа райының құбылмалы екендігін, (жаңбырдан кейін ауадағы ылғалдылықты байқауға болатынын) көрсету; жапырақ, орындық, үлескенің дымқыл немесе құрғақ болғанын байқату; кешкі уақытта күн төмендеу түсіп, біраз салқындағанын байқату; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. Саусақ жаттығуы: "Ертегілер". Саусақтарымызды санайық, (Саусақтарды жұдырыққа түйіп, қайта ашу). Ертегілерді айта бастайық: (Әр ертегіні атаған сайын саусақты бүгу) Қолғап, Үйшік, Бауырсақ, Есть Ақшақар қыз, Үш аю, Қасқыр менен жеті лақ. Үш торайды ұмытпайық, Шалқандыда білеміз, Тыңдап, риза боламыз.	Желді бақылау. Мақсаты: балаларға желді, жапырақтарға, шөпке, гүлдердің сабақтарына, жалауларға, бұлттарға қарап байқауға болатынын көрсету; желдің баяу және қатты соққанын байқауға дағдыландыру; зеректікке, табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру. Апта тақырыбы бойынша қоштасу шеңбері. Ертегілер елінен, Көп "ертегілер" келіпті. Оқысың деп балалар, Сондарынан еріпті. Ертегілер жақсыға, Шақырыпты ұл-қызды. Кейіпкерге айналып, Жарқыратты жұлдызды. "Өткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларды шеңберге тұрып, бойымен жүруге және жүгіруге бейімдеу; вестибуляр аппаратын
---------------	--	---	---	---	---

	үйден, Тоны жібектен. Күндіз ұйықтайды, Түнде дамыл таппайды. Аңға барады, Сол аңды үйден табады. - Балалар: (мысық) Үй ішін аралап, Түнде көп жортады. Қаптарды жарып, Мысықтан қорқады. - Балалар: (тышқан) Адамға серік, Күзетке берік. - Балалар: (ит) Бұлардың барлығы қандай ертегінің кейіпкерлері? (Шалқан ертегісінен). "Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балалардың белгі және ойынның шарты бойынша, бір-біріне соғылмай, жүгіру қабілеттерін жетілдіру; ептілікке, шапшаңдыққа, зейінділікке тәрбиелеу. Еңбек тапсырмасы: ойыншықтарды құмнан қағып, тазалап, қорапқа салу. Мақсаты: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.	ұсыну. Мақсаты: балаларды қарындашты дұрыс ұстауды, қағазға ырғақты із қалдыруға үйрету. Еңбек тапсырмасы: ойын аяқталғаннан кейін барлық заттарды жинастыру. Мақсаты: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.	ынталандыру; ойын желісіне, белгі бойынша бірінің соңынан бірі баяу жүру және бір бағытта жүгіру қабілеттерін жетілдіру; кеңістікті бағдарлау, зейін қабілеттерін, жағымды эмоцияларды дамыту. Балапандар ұқсап балпаңдап жүруді көрсету. Күшіктің жүгіріп келуін байқап - жан-жаққа тарап жүгіру. Біз көңілді балапан үйректерміз, Балпаң, балпаң етіп жүреміз. Күшік келіп үрісе - Жан-жаққа жылдам жүгіреміз. Педагог балаларды, балапандарға жақсы еліктегендері үшін, мақтап жүреді. Далаға алып шығатын материалмен ойындар. Мақсаты: балаларды өз бетінше ойынға қажетті атрибуттарды іріктеп, таңдап алуға үйрету.	Балалар тәрбиешінің артынан қимылқозғалыстарды қайталайды. Практикалық жаттығу: "Тілалғыш күрекше". Мақсаты: өз бетімен шелекке құм салу, басып тығыздау, шелекті аударып пішін жасау дағдыларын қалыптастыру. Еңбек тапсырмасы: құмсалғышты құмға, бір кішкене шелектен тасып, толтыру. Мақсаты: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын әрекеті.	дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ақырын-ақырын итеріп, Өткеншекті қозғалтамыз. Жылдам-жылдап жүгіріп, Шеңберді айналдырамыз. Д. Ахметова. Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды. Еңбек тапсырмасы: ойын аяқталғаннан кейін барлық заттарды жинастыру. Мақсаты: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Тағамның атауын есте сақтау, тамақтану рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуді, әдепті бала болуды үйренеміз". (мәдени-гигиеналық дағдылар)				

Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу	"Шалқан" (рөлдерге бөлініп ойнау). Мақсаты: балалардың "Шалқан" ертегісі желісін білу, ойлау, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру; көркем сөзге, мәнерлеп сөйлеуге қызығушылықты арттыру. Бір қызықты бастайық. Балаларға ұнайтын, Ертегіні бастайық. Ерте-ерте, ертеде, Болыпты екі қария. Немересі тағы бар, Ақылына көркі сай. Күшігі мен мысығы, Пысықтың ең пысығы. Тышқан жатыр інінде, Бітпейді оның ісі де. Ата шалқан салыпты, Жақсы өнім алыпты. Жинайтын кез келгенде, Көмекке бәрі барыпты. Осылайша ертегі...	""Бауырсақ" ертегісін рет-ретімен қой" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балалардың "Бауырсақ" ертегісі желісін білу, ойлау, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру. - Балалар, қараңдаршы, карточкаларда қандай ертегі бейнеленген? - Алдымен не болғаны, одан кейін не болғаны бойынша карточкаларды рет-ретімен орналастырыңдар. - Алдымен қай карточканы қоямыз? Одан кейін не болды? - Бауырсақ нені бірінші кездестірді қоянды ма, әлде қасқырды ма? (Балалар карточкаларды орналастырады.) - Қандай карточканы бірінші қоямыз? Одан кейін не болды? Құралдары: "Бауырсақ" ертегісі желісінің суреттері. Кітап, альбом, ашық хаттар қарастыру.	"Жұбын тап" ойыны. Мақсаты: балаларды заттарды ортақ қасиеттері бойынша топтастыру амалдарына бейімдеу; ойлау қабілетін дамыту. Құралдары: әрқалай үстелде жатқан түрлі топтарға жататын заттардың суреттер. Суреттердің арасында жұптар бар. Мысалы: қасық пен шаңышқы, доп пен пирамида, көйлек пен шалбар, шәйнек пен кесе, шкаф пен орындық, т.б.	"Не екенін көрсет" музыкалық - дидактикалық ойыны. Мақсаты: балаларда музыкамен ертегі кейіпкерлерін сәйкестендіре білу, қимылқозғалыстарын келтіре білу біліктілігін қалыптастыру. Ойын жағдаяты: "Түлкі мен қояндар". Мақсаты: қимыл белсенділігіне ықпал ету, импультсивтілікті басу, ойын барысында ойын дағдылары мен тәртіп сақтау ережелерін дамыту.	"Қиял-ғажайып ертегілер мен жан-жануарлар жайлы ертегілерді тап?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балалардың ертегілерге деген қызығушылықтарын арттыру; есте сақтау, елестету, ойлау, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру. - Балалар, сиқыр жайлы айтылатын ертегілер қалай аталатынын, айтшы? - Ал жан-жануарлар жайлы айтылатын ертегілер қалай аталады? - Қане, біз қай ертегі қиял-ғайып ертегіге, ал қайсысы жан-жануарлар жайлы ертегіге жататынын анықтайық. Иллюстрация нұсқалары: "Күлшеқыз", "Ақшақар", "Үш аю", "Қолғап", "Қасқыр мен жеті лақ", "Қар ханшайымы".
--	--	--	---	--	--

	Жалғасыпты жайымен, Бөлісіпті балалар, Соңында өз ойымен.				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	"Жанұядағы кітап. Отбасылық оқу" тақырыбына кеңес.	"Баланы бейнелеу өнеріне баулимыз" тақырыбына кеңес.	"Тәрбиелеуге көмектесетін жақсы мультфильмдер" тақырыбына кеңес.	"Сіздің балаңыз өз дегенін істетеді" тақырыбына кеңес.	"Ересектердің зиянды әдеттері және олардың балалардың салауатты өмір салтына әсері" тақырыбына кеңес.

Кіші топ	ЦИКЛОГРАММА				
Апта нөмірі	№3				
Күндері	08.08 - 12.08.2022ж.				
Өтпелі тақырыптың атауы	Жазғы аула ойындары / Летние дворовые игры / Summer yard games				
Мекеменің атауы, тобы	Балбөбек				
Педагогтің аты-жөні	МусиловаГ				
	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Апта күндері					
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу.	Күнделікті дене қызуын өлшеу, балалардың дене терісіне, сыртқы келбетіне назар аудару; тәрбиешінің ата-аналарды толғандарған сұрақтарына жауаптары; балаларға арналған қолайлы орта тудыру. Ата-аналармен "Жазғы спорттық ойындар мен таза ауадағы ойын-сауықтар" тақырыбында әңгімелесу.				
Еңбекке баулу	Еңбекке баулуға арналған тапсырма: табиғат бұрышындағы бөлме өсімдіктерінің жапырақтарын сүрту. Мақсаты: өсімдіктерге қамқорлық сезімдеріне баулып, еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру.	Ойын жаттығуы: "Киімді бүктеп үйренеміз". Мақсаты: киімді дұрыс бүктеу біліктіліктерін қалыптастыру; балаларды өз киімдерін танып, атауға, өз шкафын белгіленуі (суреті) бойынша табуды үйрету.	Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма: серуенге шығар алдында ойыншықтарды жинау. Жапырақтарды, шыбықтарды, тастарды шелекке жинау, белгіленген орынға апару. Құмды құмсалғышқа салу. Құмсалғыштың жақтауындығы құмды сыпыру. Мақсаты: қарапайым тапсырмаларды	Оқу іс-әрекетіне құрал-жабдықтар мен материалдар дайындау. Мақсаты: берілген тапсырмаға деген жауапкершілік сезіміне баулу, балаларды оқу іс-әрекетіне арналған материалдар мен жабдықтарды ұқыпты орналастыруға үйрету.	Табиғат бұрышындағы бақылау. Мақсаты: табиғат бұрышындағы өсімдіктердің күн сәулесінде тұрғанына назар аударыңыз; күн адамға ғана емес, өсімдіктерге де қажет екенін; өсімдіктердің жапырақтары күн сәулесінде жарқырайтынына назар аударту. Еңбекке баулу

			орындауды үйрету; еңбек дағдыларын қалыптастыру.		мақсатындағы тапсырма: жапырақтарды шүберекпен сұрту.
Ойындар (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары)	Пирамидалармен дидактикалық ойын. Мақсаты: пирамиданы кемуі бойынша жинау іскерлігін қалыптастыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттерін дамыту; ұсақ қол моторикасын жетілдіру.	Тақпақ мәнерлеп оқу жаттығуы. Мақсаты: балалардың есте сақтау, ойлау, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту. Құралдар: күннің суреті. Күнім, күнім күлімде — Күнім сәтті өтсін де. Шуағынды шаша түс, Шынығамыз өзінмен біз. "Егер саған ұнаса – былай жаса..." ырғақты биі. Мақсаты: балалардың музыкалық, ырғақты есту, сөйлеу қабілеттерін, вестибуляр аппаратын жетілдіру; жағымды эмоцияларды дамыту.	"Құмдағы жасырынбақ". Мақсаты: балалардың түйсік, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту; қоршаған заттар туралы ұғымдарын жетілдіру. Балалар, бір күлтешені тандап алындар. Онда сендер табу керек зат бейнеленген. Егер сендер басқа затты тауып алсаңдар, онда оны құмға қайта жасыру керек. Өз заттарыңды өздеріңе аласыңдар.	Сәлемдесу ойыны: "Менің көмекшілерім". Мақсаты: балаларды өз дене мүшелеріне қызығушылық тудырып, атауға баулу; жанындағы топтастардың да дене мүшелерін байқауға бейімдеу; жағымды эмоцияларды дамыту. Мынау – менің жүрегім, Бәрі осыдан басталған, Мынау – басым ақылды. Бәрін осы басқарған. Мынау – менің оң қолым, Мынау – менің сол қолым. Барлық істі атқарған.	"Ертегі шығарамыз". Мақсаты: мнемотехника тәсілін қолдана отырып, реттілікті сақтап, кішігірім ертегі құрастыра білу біліктіліктерін қалыптастыру. "А", "у" дыбыстарын дұрыс дыбыстауды нақтылау және бекіту. Сөздік тыныс алуды дамыту. Ормандағы қауіпсіздік ережелерін сақтау әдебін тәрбиелеу.
Таңғы жаттығу	Болсын десең- деңін сау, Болам десең әдемі. Таза ұста бойыңды, Жуынып жүр әуелі.				

	Тара жиі шашынды, Дұрыстап іш асынды. Сонда азамат боласың, Бақшаңа қалмай барасың. 1. "Таза алақандар". Б. қ.: қолды алшақ қою, қол белде. Бір қолды алға, алақанды жоғары бүгу. Б. қ оралу. Дәл солай екінші қолмен. 2 рет қайталау. 2. "Суды шашамыз". Б.қ.: аяқты сәл алшақ қоямыз, қол белде. Қолды жоғары көтеру; білектерді шеңбер бойымен айналдыру — «суды қағу»; қолды белге. Еркін тыныстау. 3 – 4 рет қайталау. 3. "Аяқты жуамыз". Б. қ.: аяқ алшақ, қолды арқаға қою. Алға еңкею, екі рет тізені ұру, «таза жуамыз» деу. Қолды арқаға қою. Тізені бүкпеу. 3 – 4 рет қайталау.
Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл - күй тудыру. Көркем сөз. Қасықтарымыз біздің, Таңқалдырар барлығын! Қасықтарым сиқырлы, Тауысады тағамды. Міне тағам, міне ас, Қасық түк те қалдырмас! Балалардың беті - қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Ас-су ішкенде сөйлемей. Тамақтанып болған соң, беті-қолды жуу.
Ойындар, оқу қызметіне	ҰОҚ-не дайындалуға арналған ойындар мен ойын жаттығулары

дайындық	Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы. Мақсаты: балалардың көркем сөзге деген қызығушылығын арттыру; сөйлеу қабілеттерін дамыту. Нұр тұнып құлпырып, Айнала жайнады. Тұр күнге ұмтылып, Алма ағаш сайдағы. Өзен жай ағады, Балауса жағасы.	Сумен аттракциондар. Мақсаты: балаларды судың қасиеттерін тануға деген қызығушылығын арттыру; зияткерлік қабілеттері негіздерін қалыптастыру. «Сиқырлы су» — стақанның үштен бір бөлігіне су құйылып, түтікше салынған. Белгі бойынша балалар терең тыныстап, суда бүлкілдетеді.	Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы. Мақсаты: балалардың көркем сөзге деген қызығушылығын арттыру; сөйлеу қабілеттерін дамыту. Көбелек қағады, Қанатын жалауша. Көгалда ойнадық, Асыр сап күн ұзақ. Гүл тердік, ойнадық, Жарқын жаз қызық-ақ.	"Көбелекті ұста" (қанқызды) ойыны. Мақсаты: балалардың секіре білу қабілеттерін дамыту; шапшаңдыққа тәрбиелеу. Таяқшаға байланған көбелек сұлбасына секіріп, қол тигізу керек.	Қазақтың ұлттық ойыны: "Тақия тастамақ". Мақсаты: балалардың ойын шарты бойынша қабілеттерін дамыту; шапшаңдыққа, ептілікке, достыққа тәрбиелеу. Ойын шарты. Ойынға барлық бала қатысады. Балалар шеңбер жасап отырады. Жүргізуші шеңбердің сыртын айнала жүгіріп жүріп, біреуінің артына білдіртпей тақияны тастап кетеді. Егер біреу сезіп қойса, жүргізушіні қуып жетуі керек. Ал, жүргізуші қуған баланың орнына отыра қалуға тырысады. Көркем сөз. Шеңберді айнала бастаймын, Білдіртпей тақия тастаймын.
Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ	Дене шынықтыру "Аулада ойнаймыз" Мақсаты: Балаларды биіктігі 10 см гимнастикалық орындықтан тепе-теңдікті сақтап жүріп өту іскерліктерін жетілдіру; бір ізбен жүре отырып, кеңістікте дене тепе-теңдігін сақтаудың дағдыларын дамыту;	Көркем әдебиет "Қайырымдылық" Мақсаты: Балаларды Д. Данабековтың "Қайырымдылық" әңгімесімен таныстыру; адам жүріс - тұрысының ерекшеліктерін байқауға, бағалауға үйрету; адам бойындағы жақсы қасиеттерді дамыту; өзге	Жаратылыстану "Алаңдағы ойындар" Мақсаты: Балаларды таза ауада ойнайтын қимылды ойындармен таныстыру; таза ауада түрлі қимылды ойындарды ұйымдастыра отырып, қуанышты, көңілді көңіл-күй қалыптастыру; төзімділікті,	Сурет салу "Менің көңілді добым" Мақсаты: Шармен бастыру тәсілі арқылы доптың мәнерлі бейнесін жасауға үйрету; балаларға бояуды шарға жағу әдісі жайлы білім беру; бір-бірінен қашық аралықта бастырма жасау біліктіліктерін дамыту;	Музыка "Денсаулық әуені" Мақсаты: Балалардың мұғаліммен бірге көңілді әндер айту қабілетін дамыту; кейіпкерлер қозғалысында ойын мазмұнын дұрыс жеткізе білуді қалыптастыру. Белсенділікке, ынтымақтастық

	балалардың гимнастикалық орындықтан тепе-теңдікті сақтап жүріп өту жаттығуының техникасын дұрыс жасай білу икемділіктерін жетілдіре отырып, дене, аяқ бұлшықеттерін дамыту. <i>"Қарғалар" қимылды ойыны.</i>	адамдарға деген мейірімділікті, қамқорлық қатынасты білдіруге ниеттерін ояту. <i>Сөздік жұмыс.</i>	жылдамдықты, ептілікті дамыту; таза ауада ойналатын алаң ойындарына деген қызығушылықтарын арттыру, ойын ережелерін бұзбай орындауға тәрбиелеу. <i>«Торғайлар мен автомобиль» ойыны.</i>	ой-өрістерін, ұсақ қол моторикасын дамыту; педагогпен және құрдастарымен бірлесіп жұмыс жасауға қызығушылықтарын тәрбиелеу. <i>Қимыл-қозғалыс ойыны «Домалат та, қуып жет».</i>	қабілеттілікке, музыкалық және шығармашылық ойын шараларына белсенді қатысуға деген ұмтылысқа тәрбиелеу. <i>Музыкалық-дидактикалық ойын.</i>
II-таңғы ас	Астарың дәмді болсын				

Серуен	Терезеден қолайсыз ауа-райын бақылау. Мақсаты: ауа-райында болып жатқан құбылыстарды байқауға машықтандыру; аспанды сұр бұлттардың жаулап алғаны - жаңбырлы күнге тән құбылыс екеніне көз жеткізу; бақылағыштыққа тәрбиелеу. Жаңбыр жауып тұр, серуенге шығуға болмайды. Жаңбыр сулы, жерге, өсімдіктерге тамшылайды, жолдағы барлығы су. Адамдар қолшатыр ұстап келеді. Жеке жұмыс: жаттамақ жаттау, "Жаңбыр". Жаңбыр, жаңбыр төк-төк, Болсын егін көп-көп. "Қоян қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларды мәтінді тыңдап, сөзіне сәйкес қимыл-қозғалыс жасауды дағдыландыру; секіруге ерекше көңіл бөлу. «Қоян, қоян тұршы, Беті, қолды жушы Айнаға қарашы Шашынды тарашы!» "Аққу-қаздар" қимыл-қозғалыс ойыны.	Машинаны бақылау (жүк көлігі). Мақсаты: балаларды қоршаған жылжымалы объектілерге, машиларға, деген қызығушылықты арттыру; байқағыштыққа тәрбиелеу. Балаларға қозғалып бара жатқан машинаны бақылауды ұсыну. Машинаның өздігінен жүрмейтінін, оны жүргізуші жүргізетінін айту. Машинада дөңгелек, рөл, кузов, кабина бар. Бұл - үлкен машина, жүк көлігі, ол жүк тасиды, жолмен жүреді, ол гүрілдейді. "Пойыз" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларды кішігірім топтармен бірбірінің артынан жүгіруді, жүруді дағдыландыру; алдымен қол ұстасып, содан кейін қолды жіберіп қозғалуға, белгі бойынша әрекет етуге машықтандыру. "Мен - жүргізушімін" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсаты: диалогтық сөйлеуді, есте сақтауды дамыту, ойынды басшылыққа алу, рөлдерге	Бақылау: "Көлікпен танысамыз". Мақсаты: балалардың көлік түрлері жайлы білімдерін бекіту; көлік түрлерін (жүк машинасы, мотоцикл, жеңіл машина) атауға бейімдеу. Балалардың назарын жақын маңда тұрған көліктерге аудару. Машина бөліктерінің атауларын бекіту. "Жолда" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: сөз бен қимыл-қозғалыс координациясын, шығармашылық қиялдарын дамыту; кейбір дыбыстарды дұрыс дыбыстауды меңгерту. "Машиналар жолмен келеді. - Ш-ш-ш! "Трамвай" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балалардың қозғалысын басқа ойыншылардың қимылдарымен үйлестіре отырып, жұппен қозғалу қабілетін дамыту; түстерді тануға және оларға сәйкес қимыл	Өтіп бара жатқан жүргіншілердің киімін бақылау. Мақсаты: балаларды қоршаған объектілерге деген қызығушылығын арттыру; адамдар киген киімдерді байқап, атауға ынталандыру; зеректікке тәрбиелеу. Балалардың назарын жаз келгеніне, күн жылынғанына, адамдар жұқа киімдер: көйлек шолақ шалбар, шолақ жең кеудеше кигеніне аудару. Балаларға өздерінің киген киімдері жайлы айтуды ұсыну. Жаттамақ жаттату: Бас киімді киемін, Күннен қорғанып жүремін". "Көпіршік" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларды шеңберге жиналып, шеңбер бойында таппақ сөздерін айта жүріп, бірлесіп ойнауға машықтандыру. Мөп-мөлдір көпіршік, Қалықта аспанда. Жарылмай ұша бер, Ешкімнен жасқанба!	Құстарды бақылау (қарға, торғай, көгершін). Мақсаты: балалардың аула құстарына деген қызығушылығын арттыру; құстарды атауға, тіршілігін тануға бейімдеу; қамқорлыққа тәрбиелеу. Күн жылынғанға қуанады. Көңілді ән салады, балапандар шығару үшін, жұмыртқа басады (қарғалар). Құрттарды жерден шоқып жейді. Құс денесінің құрылымын бақылау. Жеке жұмыс: балаларға құстарды тамақтандыруды ұсыну. "Құстар ұшады" қимыл-қозғалыс ойыны. Балаларды қимылды санау бойынша орындауды үйрету. "Құстың неше аяғы, көзі, қанаты бар". "Бір, құс! Екі құс! Бір, екі, үш, құстар ұшты!" "Құрылысшылар" сюжетті-рөлдік ойыны. Шығарылған материал, балаларды алмастырғыш заттарды қолдануды үйрету. Дербес ойындар: түрлі түсті борлармен асфальтқа сурет салу.
--------	--	--	---	--	--

	Мақсаты: белгі бойынша бір бағытта жүгіруге машықтандыру; балалардың бір-біріне соғылмай жүре білу қабілетін дамыту. Жүргізуші қасқыр таңдалады, алаңның ортасында тұрады. Балалар қасқырдан 5-10 қадам қашықтықта бір қатарға тұрып өлең оқиды: "Қаздар-қаздар, ға ға ға, қарның аш па? Иә, иә, иә! Онда, үйге ұшындар. Тау астында сұр қасқыр, тіс қайрап, су ішуде, бізді өткізбейді үйге. Ұшар кезде байқандар, қасқырға ұсталып қалмандар!". Осы сөздерден кейін барлық балалар екінші жағына қарай жүгіреді, ал қасқыр ұстап алуға тырысады. Ұсталған қасқырға айналады. Балалардың шығарылған материалмен ойындары. Еңбекке баулуға арналған тапсырма: үлескедегі ойыншықтарды жинау. Мақсаты: ұқыптылыққа тәрбиелеу.	бөлінуге бейімдеу; коммуниктивтік қабілеттері қалыптастыру. Еңбекке баулуға арналған тапсырма: ойын жабындысындағы қоқыстарды жинау. Мақсаты: тазалыққа тәрбиелеу. Шығарылған материалмен дербес ойындар.	қозғалыстарын өзгертуге үйрету. "Көлшіктен өт" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларда орнынан ұзындыққа секіруде тепе-теңдік сақтап, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту. Шығарылған материалмен дербес ойындар. Еңбекке баулуға арналған тапсырма: үлескені қоқыстардан тазалау. Мақсаты: тазалыққа тәрбиелеу.	"Қуыспақ" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларды белгі бойынша, қуғыншыдан қашып жүгіруге бейімдеу; күшжүгерін, кеңістікті бағдарлай білу қабілетін дамыту. Балалар қуыспақ ойнағанды өте жақсы көреді. Ойын ойнатылмас бұрын ересек адам алдынала жұмыс жүргізу керек: ойын шартын түсіндіріп, жүгіруге арналған аймақты белгілеп беруі керек. Шығарылған материалмен дербес ойындар. Еңбекке баулуға арналған тапсырма: үлескені қоқыстардан тазалау. Мақсаты: карапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру; қамқорлыққа тәрбиелеу.	Еңбекке баулуға арналған тапсырма: дымқыл шүберекпен орындықтарды сүрту. Мақсаты: тазалыққа тәрбиелеу.
Серуеннен оралу	«Өз шкафыңды тап» дидактикалық жаттығуы. Киімге арналған шкафтың не үшін керектігі, қалдай қолдану керектігі жайында айтып, таныстыру; заттық кеңістікті бағдарлай алу қабілетін қалыптастыру; шкаф, есік, сөре, ашу, жабу, кою, бүктеу, ілу сөздері арқылы балалардың сөздік қорын байыту және белсендіру.				

Түскі ас	"Қасықты дұрыс ұстап үйренеміз". Балаларды қасықты дұрыс ұстауды үйрету бойынша жұмысты жалғастыру. Ғажайып сәт. Топқа қасықты ауызына дұрыс апармай, көжені шашыратып, үнемі көйлегін былғап алатын Камила қуыршақ «келеді». Балалар қонақты сабырға шақырады. Оған "қуыр, қуыр, қуырмаш" санамағын айтып береді. Кейін тәрбиеші сәбилерге сиқырлы қасықтарын қолдарына алып, қуыршақ Камилаға көжені қалай жеу керектігін көрсетуді ұсынады. Сонында Камила балаларға алғысын білдіреді.
Күндізгі ұйқы	Белгілі шараларды: дәретханаға бару, жуыну, киімдерді бүктеу, тыныш ұйқы, сақтай отырып, өз бетінше ұйқыға дайындалу дағдыларын қалыптастыру. Ұйықтатпақ. Жастыққа басынды қоя ғой, Тәп-тәтті ұйқыға бата ғой.
Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары	Біртіндеп ұйқыдан ояну Жұмып алып көздерін, Тышқан келді жасқана. Аяқ-қолын көтеріп, Жаттығуды бастады. (Екі аяқты қосып секіру). Буындары дірілдеп, Бір отырып, бір тұрды. Домаланып ішімен, Енді жолмен жүгірді. (Бір орында жүру, басты оңға, солға бұру) Ей, тышқандар, қанеки, Қозға қолды, аяқты.

	Секіріңдер тағы да, Ұстап тұрып таяқты. Денсаулық жолдарымен жүру: "Тышқандар, абайла!" Енді үйге тарандар, Бір-біріне қарандар. Оянбасың ақ мысық, Жеп қоймасын сақ күшік.				
Бесін ас (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Ойын-жағдаят: "Біз ас ішеміз". Мақсаты: үстел басында тыныш отыруды, денені, қасықты дұрыс ұстауды, қасыққа асты толтырмай алуды, ернеуі кең жерінен шусыз жеуді үйрету, өз бетінше, ұқыпты жеу біліктіліктерін тәрбиелеу.				
Ойындар, жеке-дара ісәрекет (сюжетті-рөлдік, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары)	"Жаз туралы әңгімелесу. Мақсаты: балалардың жазғы құбылыстар, жәндіктер туралы түсініктерін тиянақтау; коммуникативтік, физикалық, ойлау қабілеттерін дамыту. Көркем сөз. Жаз жайдары, алақай, Жатыр жайнап даламыз. Жүр, қане, балақай, Шомылуға барамыз. - Аяқтарымыз қалай жүгіреді? Былай! (Екі аяқпен секіру). Ал көбелектер қанаттарын қағып, қалай ұшады? Былай! (Қолдарды баяу қағу).	Сумен аттракциондар. Мақсаты: балалардың ойлау қабілеттерін, жағымды эмоцияларын дамыту; судың қасиеттерін ойындар барысында тануға мүмкіндіктер жасау. «Су поштасы» — балалар топқа бөлініп тұрады, әр топта су құйылған бір шелек, екінші шелек — бос. Пластик стакандармен суды бос шелекке тасиды.	"Балабақша" ойыны. Мақсаты: балабақша туралы ұғымдарын тиянақтау, коммуникативтік қабілеттерді дамыту. - Балалар, балабақшаға баруды ұнатасындар ма? Неге? - Иә. Балабақшада біз көп ойнаймыз. - Қандай ойыншықтарды ойнауды ұнатасындар?- Олай болса, "Балабақша" ойынын ойнап көрейік. - Бүгін ойыншықтарды, қуыршақтарды, қуыршақтарға үстел мен орындықтарды, ыдыстарды далаға алып барайық. Бала тәрбиеші болады. Ол балаларды серуенге	"Ойыншықтар дүкені" ойыны. Мақсаты: балаларға дүкеннің не үшін қажет екенін еске түсіру; дүкенде сатылатын заттарды атауға ынталандыру, коммуникативтік қабілеттерді дамыту. Балаларға ойыншық дүкенінде түнде не болатыны туралы әңгімелеу. Дүкен жабылған кезде, ойыншықтар күзетшіні оятып алмау үшін, ақырындап, дыбыстарын шығармай қозғала бастайды екен. Енді өздерін кез-келген ойыншықты бейнелеп	"Дүкен" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсаты: балаларды ойын барысында алмастыру заттарын қолдануды үйрету; диалогтік сөйлеуді дамыту; сатушы мен сатып алушының арақатынастары туралы түсініктерін нығайту. Құралдары: дүкен жазуы бар макет, сатушы мен сатып алушы қолданатын заттар мен құралдары; ойыншылар.

	Ал қоңыздар қалай дыбыстайды? Былай! (Қол алдыда, білекті айналдыру, "Ж-ж-ж"-деп дыбыстау). Ал гүлдер қалай ашылады? Былай! (Балалар көрсетеді). Сендерге гүлдер ұнай ма? Гүлдер тағыда көбелектерге, қоңыздарға да ұнайды. Біздің қыздар түймедақтар болады, ал ұлдар - қоңыздар болады. Жұптасып тұрып, би билейік! Балалар жұп құрып тұрады. "Түймедақ пен қоңыздар" биі. Мақсаты: балаларды ырғаққа сай қимылдауға машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту.		апара алады, әдепсіздік танытса - олай болмайтынын айтады, тәрбиелейді, ертегі айтады. Педагог балаларға қуыршақтарды жуындырып, киіндіріп, тамақ беруге, ұйқыға жатқызуға мүмкіндік береді. - Балалар, ал енді қуыршақ, ойыншықтарға ертеге айтып берейік.	көріңдерші, мысалы қонжық. Бала не екенін табуға тырысып көрсін. Осылайша балалар кезекпен ойыншықтарды келтіріп, қалғандары не екенін табады.	
--	---	--	--	---	--

Серуенге дайындық (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Мақсаты: шкафтан далаға киетін аяқ киімін алу дағдысын қалыптастыру, көмек сұрау кезінде сөзбен өтініш білдіруге үйрету, қабылдау бөлмесінде өзін-өзі ұстауға үйрету. Жазғы серуен кезіндегі ережелер: - серуен кезінде бас киім немесе орамал тағу;- ыстық ауа-райында, көлеңкеде ойнау (үлеске төбелдірігінде);	Ойын алаңында қимыл-қозғалыс ойындарын өткізу барысында: - ойын шартын мұқият тыңда; - ойынды тәрбиешінің белгісі бойынша баста; - белгіленген жерде ғана ойна; - лақтыру кезінде жолдасына қарай дәлдеме;- белгіден кейін ғана допты лақтырып артынан жүгір;	"Тіләлғыш түймелер мен баулар". Мақсаты: балаларда өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру, аяқ киімнің бауын тағуды үйрету, түймелеудің басқа түрлерін қолдануға жаттықтыру, (түймелер, жапсырғыштар, жүгіртпелер).	"Біз серуенге қалай киінеміз". Мақсаты: киім-кешек, аяқ киім, бас киім атауларын және қолданысын нақтылау.	Мақсаты: өзін-өзі күту дағдыларын жетілдіру. Жапсырғыш тағындыларды тағу, ағыту дағдыларын қалыптастыру, түймелеудің басқа түрлерін қолдануға жаттықтыру. Аяқ киімді кию дағдысын қалыптастыру, ересектердің көмегімен түймені
--	---	---	--	---	---

	- күнге тіке қарамау, себебі бұл көру қабілетін нашарлатуы мүмкін; - серуендеу кезінде әркім өз жеке стақанынан тек қайнатылған су ішуге болады; - серуен кезінде жемістерді (алма және т.б.) жеуге болмайды, өйткені қол кір болады және оларда ауру тудыруы мүмкін микробтар көп.	- ойын кезінде бір-бірінді итерме. Мақсаты: балаларды ойындар барысында ережелерді сақтауға бейімдеу.		тағу, киімді шкафқа ілу. Шешіну бөлмесінде әдептілік ережелерін сақтауды үйретуді жалғастыру.	
Серуен	Құмды бақылау. Мақсаты: балаларға құмның құрғақ және дымқыл күйінде екі түрлі болатынын байқату; құрғақ құмның төгілетініне, дымқыл құмнан түрлі пішіндерді жасауға болатынына көз жеткізу; істәжірибе жасауға ниеттерін дамыту; зияткерлікке баулу. Еңбек тапсырмасы: құмды бір жерге үйіп, шелектерге салып, құмсалғышқа апару. Мақсаты: қарапайым еңбек әрекеттерін орындауға баулу. Балалардың дербес ойын әрекеті. "Баулық аулау". Мақсаты: балалардың көру, ойлау қабілеттерін дамыту. Желмен аттракциондар.	Ауа-райын бақылау. Мақсаты: балаларға ауа райының құбылмалы екендігін, (жаңбырдан кейін ауадағы ылғалдылықты байқауға болатынын) көрсету; жапырақ, орындық, үлескенің дымқыл немесе құрғақ болғанын байқату; кешкі уақытта күн төмендеу түсіп, біраз салқындағанын байқату; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. "Сабын көпіршіктері" ойыны. Балалар, қарандаршы, біз сиқырлы алаңқайға келдік! Күн жарқырап тұр, аспаннан әдемі сабын көпіршіктері түсіп жатыр!	Аула құстарын бақылау. Мақсаты: аулада ұшып-қонып жүрген құстарды сыртқы келбетінің ерекшеліктері, қимылдары, дыбыстары арқылы ажыратуға баулу (торғай, қарға, сауысқан, көгершін, т.б.); бақылағыштыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. Түрлі түсті борлармен асфальтта сурет салу: "Жаз". Жаз келді жадырап, Ойын-сауық құратын. Далаларға, тауларға, Саяхатқа шығатын. (әуен қосылады). "Инеліктер" сюжетті-рөлдік ойыны. Тәрбиеші: "Көгілдір ертегіге инеліктер ұшып келуді	Желді бақылау. Мақсаты: балаларға желді, жапырақтарға, шөпке, гүлдердің сабақтарына, жалауларға, бұлттарға қарап байқауға болатынын көрсету; желдің баяу және қатты соққанын байқауға дағдыландыру; зеректікке, табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру. Желмен аттракциондар. Мақсаты: балалардың тыныс алу мүшелерін ұлғайту; жағымды эмоцияларды дамыту; ептілікке тәрбиелеу.	Ауа-райын бақылау. Мақсаты: балаларға ауа райының құбылмалы екендігін, (жаңбырдан кейін ауадағы ылғалдылықты байқауға болатынын) көрсету; жапырақ, орындық, үлескенің дымқыл немесе құрғақ болғанын байқату; кешкі уақытта күн төмендеу түсіп, біраз салқындағанын байқату; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. "Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. Мақсаты: балаларды бір бағытта, жылжи

"Әуе теннисі" — үстел үстінде пинг-понг шары жатыр.	Қане оларды ұстап алайық! (әуен қосылады)	ұнатады, себебі олардың көздері де көгілдір. Мен инелік боламын. Қазір өзімнің мөлдір	"Бар күшіңмен үрле" — отырып, секіруге дағдыландыру.
Балалар жұпқа бөлініп, белгі бойынша үрлейді.	"Ұшақтар" қимыл-қозғалыс ойыны.	қанатымды жазып, ұшамын. Тағы кім инелік болғысы келеді?"	Балалар жұпқа бөлініп, белгі бойынша үрлейді. Кімнің шары жоғары көтерілсе, немесе ебелек қатты айналса, сол жеңімпаз атанады.
Шар кімнің жағында қалып қойса, сол топ жеңіледі.	Мақсаты: балаларды белгі бойынша қимылдарын өзгеруге: алаң кеңістігін пайдаланып, бірін-бірі түртпей, жүгіруге және бір-біріне жақын бір жерде отырып, демалуға - машықтандыру; ұшақ қимылына еліктеуге ынталандыру; зеректікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	Тәрбиеші балаларға инеліктің бас киімін үлестіреді. Еңбек тапсырмасы: құмсалғыштың бетін қоқыс бұталардан тазалау. Мақсаты: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын әрекеті.	Еңбек тапсырмасы: құрап түсіп жатқан жапырақтарды жинастыру. Мақсаты: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу, қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру.
	Педагогтің балаларға берілетін белгі командалары: "Ұшақтар, моторларды жүргізейік!" (екі қолды алға қойып, өзара айналдыру), "Қане, ұшайық!" (екі қолды екі жаққа жайып, түзі ұстап жүгіру), "Ұшақтар, аэродромға қонайық!" (бір-біріне жақын жерге отыру, қолдарды екі жақтарға созып, түзу ұстау).	Еңбек тапсырмасы: ойын аяқталғаннан кейін барлық заттарды жинастыру. Мақсаты: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.	Тастармен ойын. Балалар тастар жинауды өте жақсы көреді. Түсі және көлемі әртүрлі тастарды жинап, шелекке салындар. Су құйылған тегешке аударып, жуындар. Тастарды жуып болғаннан кейін, олармен ойнауды бастауға болады. түсініктерін бекіту (біреу- көп, үлкен- кішкентай) Тастарды шелекке салуға болады, сондай-ақ күрекше мен шыны аяқтың көмегімен басқа жерге тасуға болады. Жерге таяқпен пішіннің суретін салып және контуру бойынша тастарды орналастыруға болады...

Еңбек тапсырмасы:
ойын аяқталғаннан
кейін барлық заттарды
жинастыру.
Мақсаты: балаларды
ұқыптылыққа,
тазалыққа тәрбиелеу.

Серуеннен оралу Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (**мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет**)

Кешкі ас Тағамның атауын есте сақтау, тамақтану рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуді, әдепті бала болуды үйренеміз". (**мәдени-гигиеналық дағдылар**)

Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу	Мнемокесте бойынша өлең жаттау. Мақсаты: балаларды тақпақтың мазмұнын мнемкарталарға сүйеніп, жаттап алу амалдарына бейімдеу; достыққа тәрбиелеу. Достар, бірге жүреміз, Бірге ойнаймыз, күлеміз. Бірге балық аулаймыз Міне, біздер қандаймыз! Құралдары: тақпақ бойынша мнемокесте.	"Машина қалай гүрілдейді?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балаларда дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс дыбыстауды бекіту; дауыс күшін, қарқынын пысықтау; артикуляцияны жетілдіру. Жаттығуды жасау алдында, bilimkids.kz "Жүргізуші атты мультфильмін қарап, мазмұнын әңгімелеуге болады.	Құстар дауысын тыңдау. Мақсаты: құстардың дыбыстары туралы түсініктерін тиянақтау, сөзбен дыбыстауды айтқызуға баулу. Құралдары: құстардың суреттері. - Суретке қараңдаршы — бұл қарға құсы. Оның дауысын тындандаршы. Өздерінде қарға сияқты "кар-р", - деп айтып көріндерші. - Суретке қараңдаршы — бұл торғай құсы. Оның дауысын тындандаршы. Өздерінде торғай сияқты "чик-чирик", - деп айтып көріндерші.	"Құмды тасы" ойын жаттығуы. Мақсаты: балаларды ептілікке, зеректікке баулу. Балалар кезектесіп, бір ыдыстан екінші ыдысқа қалақтың көмегімен құм тасиды. "Кегльді қағып ал" жаттығуы. Мақсаты: допты тура бағытта домалатып, алшақ тұрған кегльді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу.	Жаз туралы өлең жаттау. Мақсаты: балалардың тақпақты мәнерлеп оқуға машықтандыру; сөйлеу мәнерін жетілдіру, есте сақтау қабілетін дамыту. Жаз келді далама, Түсті кілем төседі Бақшамызда, аулада, Гүлдер жайнап өседі.
---	---	--	--	--	--

Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	"Балалардың далада және үйде қимыл белсенділігін ұйымдастыру" тақырыбына кеңес.	"Баламен бірге қимыл-қозғалыс ойындарды ойнайық" кеңесі.
---	---	--

- Суретке қарандаршы — бұл көкек құсы. Оның дауысын тыңдандаршы. Өздерінде көкек сияқты "ку-ку", - деп айтып көріңдерші.

Дидактикалық жаттығу: "Ненің дауысы?"

Мақсаты: құстардың дыбыстары туралы түсініктерін тиянақтау; құстарды дыбыстары арқылы ажыратуға бейімдеу.

Бөлменің әр жеріне құстардың бейнесі орналастырылады.

Ауди отаспадан құстардың бірінің дауысы қосылады, ал балалар сәйкес құстың суретін көзбен тауып, кейін жанына келулері тиіс.

"Егер баланы ара шағып алса" тақырыбына кеңес.	"Ойын кезіндегі достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу" тақырыбына кеңес.	"Балаларға жолда жүру ережелерін меңгеруге қалай көмектесуге болады" тақырыбына кеңес.
--	---	--

ордалық
журнал

Кіші топ		ЦИКЛОГРАММА			
Апта нөмірі		№4			
Күндері		15.08 - 19.08.2022ж.			
Өтпелі тақырыптың атауы		Менің үй жануарым / Мой домашний питомец / My pet			
Мекеменің атауы, тобы		Балбөбек			
Педагогтің аты-жөні		Алиева С			
Апта күндері		Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі
Жұма					
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау		Күнделікті дене қызуын өлшеу, балалардың дене терісіне, сыртқы келбетіне назар аудару; тәрбиешінің ата-аналарды толғандарған сұрақтарына жауаптары; балаларға арналған қолайлы орта тудыру.			
Ата-аналармен әңгімелесу.		Ата-аналармен "Үй жануарлары"			
Еңбекке баулу		Серуен алдында "Алдымен не кию керек, одан кейін не?" жаттығуы. Мақсаты: өзіне-өзі қызметі көрсету дағдыларын дамыту; киімдерді ретімен киіп, шкафта тазалық сақтауға бейімдеу.	Еңбекке баулуға арналған тапсырма: ойын жабындысын сыпыру. Асханадағы еңбек тапсырмалары. Мақсаты: қарапайым еңбек дағдыларын орындауды үйрету.	Еңбекке баулуға арналған тапсырма: "Пульверизатордан бөлме өсімдіктеріне су бүрку". Мақсаты: жаңа еңбек дағдыларын қалыптастыру; өсімдіктерге деген қамқорлық сезімдеріне баулу.	Еңбекке баулуға арналған тапсырма: ойын алаңын, ойын бөлмесін ретке келтіру. Мақсаты: бөлме, алаңда ретсіздікті байқап, тазалықты орнатуға бейімдеу. Балықтарға жем шашу. Мақсаты: балықтарға күтім жасауға араласу ниеттерін тәрбиелеу.
		Ойын алаңында қимыл-қозғалыс ойындарын өткізу барысында: -ойын шартын мұқият тыңда; -ойынды тәрбиешінің белгісі бойынша баста; -белгіленген жерде ғана ойна; -лақтыру кезінде жолдасына қарай дәлдеме; -белгіден кейін ғана допты лақтырып артынан жүгір; -ойын кезінде бір-бірінді итерме.			

Ойындар (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары)	Қазақтың халық ауыз әдебиетінен "Төрт түлік" жайлы өлеңдерін оқу. Мақсаты: балалардың қазақ халық ауыз әдебиетіне деген қызығушылығын ояту; қабылдау, елестету, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Құралдар: төрт түлік малдың суреттері. Үй жануарлар салынған сюжетті иллюстрацияларды қарастыру. Мақсаты: балаларда үй жануарлары туралы ұғымдарды, оларға деген сүйіспеншілікті қалыптастыру, қамқорлық туралы түсінік беру.	Трафареттармен жұмыс: "Жан-жануарлар" (бастыру, бояу). Мақсаты: жануарлар туралы ұғымдарды тиянақтау, ұсақ қол моторикасын, қабылдау қабілетін дамыту. Құрастыру: "Марғауға арналған үйшік". Мақсаты: құрылыс материалдарының бөлшектерімен тәжірибе жасауды ынталандыру.	Боямақтармен жаттығулар. Мақсаты: ұсақ қол моторикасын, қабылдау, елестету қабілетін дамыту. Түрлі-түсті қарындаштармен жан-жануарлардың контурларын бояу. Берілген заттың бейнесіне сәйкес келетін түстерді дұрыс таңдалуына назар аудару.	Лото: "Жан-жануарлар мен төлдері". Мақсаты: балаларда үй жануарлары мен төлдері туралы ұғымдарды жетілдіру; ойлау, коммуникативті қабілеттерін дамыту. Құралдар: жануарлар мен олардың төлдері салынған сурет-карточкалар.	"Шұбар тауық" ертегісі бойынша саусақ театры. Мақсаты: "Шұбар тауық" ертегісі желісін балалармен бірге еске түсіру, кейіпкерлердің сөздерін мәнерлеп айтуға тарту; ертегілер әлеміне деген қызығушылықты арттыру, жағымды эмоцияларды дамыту. Құралдар: ертегі кейіпкерлерінің саусаққа тағылатын бейнелері. Үй құстарының суреттерін қарастыру. Мақсаты: құстардың атауларын есте сақтауға, қайда мекендейтінін пысықтау; қамқорлыққа тәрбиелеу.
Таңғы жаттығу	"Төрт түлік" кешені (музыкалық сүйемелдеумен). Бұзау басымен шайқайды. (Баспен оң-солға еңкейту) Ботақан қуанып теңселеді. (Екі аяқ арасын алшақ, қолдар төмен, оң-солға денемен теңселу) Қозы аяқпенен топылдатады. (Бір орында, тізені жоғары көтеріп, қадам басу) Құлыншақ шабады. (Бір орында жүгіру)				
Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Ойын жаттығу: "Таза қолдар". Мақсаты: балаларда ересектердің бақылауымен қол жуу, жеке бас орамалдарымен мұқият сүрту біліліктіліктерін қалыптастыру.				
Ойындар, оқу қызметіне дайындық	ҰОҚ-не дайындалуға арналған ойындар мен ойын жаттығулары				
	"Менде қандай үй жануары бар" әңгімелесуі. Мақсаты: үй жануарлары туралы түсініктерін нығайту, коммуникативті қабілеттерді дамыту.	Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы. Мақсаты: балалардың көркем сөзге деген қызығушылығын арттыру; сөйлеу қабілеттерін дамыту. Сақ төбетім, Жолдыаяқ,	"Бөтен итті неге ұстауға болмайды" әңгімелесуі. Абдрахман Асылбектің "Қаңғыбас иттер" мазмұны бойынша әңгімелеу. Мақсаты: қабылдау, зейін, ойлау, есте сақтау	"Мысық" арнау өлеңі. Мақсаты: таныс өлең жолдарын оқу кезінде қуаныш сезіміне бөленуге мүмкіндіктер жасау; өлеңнің сөздерін анық дыбыстау дағдыларын қалыптастыру.	Материалдар мен бұйымдармен тәжірибе: "Марғауға арналған жіп орамдары". Мақсаты: балалардың ұсақ қол моторикасын, түстерді қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту.

		Саңкылдайды қоймай-ақ. Бөріге қой бермейді, Ұрыға бой бермейді	қабілеттерін, диалогтық сөйлеуді жетілдіру.		
Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ	Дене шынықтыру "Дана қонаққа келді" Мақсаты: Балаларды еңіс тақтайдың үстімен жоғары және төмен жүру; жүру кезінде алға қарап және қолдарын еркін ұстап, дене тепетендігін сақтай білу дағдыларын жетілдіру; балалардың еңіс тақтайдың үстімен жоғары және төмен жүру икемділіктерін, қол, дене, аяқ бұлшық еттерін, дене тепе-теңдігін сақтау ептілігін дамыту. <i>"Кедергілерден өтеміз"</i> <i>қимылды ойыны.</i>	Сөйлеуді дамыту "Үй жануары" Мақсаты: Балалардың үй жануарлары туралы түсініктерін тереңдету; олардың түрлерін бір- біріннен ажырата білуге, зейін қойып тыңдауға үйрету; Педагогтың көмегімен үй жануарлары туралы қысқа әңгіме құрастыруды, жануарлардың төлдерінің аттарын жекеше, көпше түрде атауды үйрету (бота, ботақандар, құлыншақ, құлыншақтар, т.б); сұрақ-жауап арқылы балалардың ауызекі сөйлеу тілін дамыту; олардың бізге тигізер пайдасын айту және оларды күтіп баптауға, қорғап қамқорлық жасауға тәрбиелеу. <i>Дидактикалық ойын</i> <i>«Төлдерін тап».</i>	Жапсыру "Күшікке арналған үйшік" Мақсаты: Дайын пішіндерден жапсыру дағдыларын қалыптастыру; балаларға күшікке арналған үйшіктің бөліктерін бөліп көрсетуге, олардың пішінін анықтауға үйрету; геометриялық пішіндердің атауларын бекіту: шеңбер, шаршы, үшбұрыш; үй жануарлары туралы білімдерін тиянақтау; иттің дене мүшелері туралы білімдерін бекіту (бас, құлақ, төрт аяғы, құйрық); балаларды жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. <i>Өздігінен жапсыру.</i>	Құрастыру "Иттің үйшігі" Мақсаты: Балалардың үй жануарлары туралы білімдерін кеңейту, геометриялық фигуралардың аттарын (текше, шаршы, призма) бекіту, конструктордың бөліктерін белгілі бір ретпен орналастырды үйрету. <i>Тәжірибелік бөлім.</i>	Музыка "Аңдар әлеміне саяхат" Мақсаты: Берілген тапсырманы зейін қойып орындауға үйрету. Ойын арқылы балалардың қимыл іс - әрекетін дамыту. Балаларды ептілікке, шапшандыққа тәрбиелеу. Ұжым болып бірлесіп ойнауға тәрбиелеу. <i>Музыкалық-дидактикалық</i> <i>ойын.</i>
II-ші таңғы ас	Астарың дәмді болсын				

Серуен	Мысықты бақылау. Мақсаты: мысықтың үй жануары екендігіне көз жеткізу; мысықтың дене мүшелерін көріп, атауға бейімдеу; жан-жануарларға деген қызығушылықты арттыру. Мысық мейірімді, сабырлы. Мысық "Мияу-мияу" - деген дыбыстар шығарады. Тәрбиешімен бірге мысықта не барын көрсетіп атау: мысықтың құлағы, аяғы, басы, құйрығы және жүні бар. Мысық ұйықтайды, жуынады, сүт ішеді. Тәрбиешінің ұсынысы бойынша мысық туралы ойынды ойнайды. “Мысық пен торғайлар” қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: ойын шарты, белгі бойынша жанжаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; ойын кейіпкерлерінің қимылдарына еліктеуге деген қызығушылықты тудыру. Құмда шеңбер сызу. Шеңбер ортасында мысық. Балалар торғайлар. Торғайлар шеңбер сыртында секіріп, мазақтап, мысық көрмей тұрған кезде шеңберге ұшып кіреді де, мысыққа ұстатпауға тырысады. Мысық үш торғайды ұстаған	Итті бақылау (көршінің ауласындағы итті). Мақсаты: иттің үй жануары екендігіне көз жеткізу; иттің дене мүшелерін көріп, атауға бейімдеу; жан-жануарларға деген қызығушылықты арттыру. Үй жануары: ит оның сыртқы келбеті, мінезқұлқы жайлы түсінік беру. "Сабалақ күшік (ит)" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларды белгі бойынша жүгіруге дағдыландыру; ойын кейіпкерінің қимылдарын байқауға үйрету; қозғалыс бағытын жылдам өзгерту біліктіліктерін қалыптастыру: зеректікке, жылдамдыққа тәрбиелеу. Педагог жүргізушіні таңдауға ықпалын етеді: тақпақтағы соңғы сөздерден кейін ғана жүгіре білетін бала болу тиіс. "Тигізбей өт" ойын жаттығуы Мақсаты: балаларды жүру барысында заттарды айналып өтіп, жүруге жаттықтыру. Еңбек тапсырмасы: гүлзарда өскен гүлдерді суару. Мақсаты: қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру; қамқорлыққа тәрбиелеу. Балалардың шығарылған материалмен ойындары.	Марғауды бақылау. Мақсаты: марғаудың мысықтың төлі екендігін дене бітімдерін салыстырып (үлкен - кішкентай), айтырмашылығын байқап айтуға машықтандыру; марғаудың дене мүшелерін көріп, атауға бейімдеу; жануар төлдеріне деген сүйіспеншілікті арттыру. "Біз – марғаулармыз" ойын жаттығуы. Мақсаты: марғаулардың әрекетіне сәйкес ерекшеліктерін көрсете білу біліктіліктерін қалыптастыру. "Құлыншақтар" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларды жан-жаққа сигнал бойынша шашырап секіріп, жүгіріп жүруге ынталандыру; нұсқуларға зейінді болуға бейімдеу. "Шелектегі шарларды түсі бойынша жина" дидактикалық ойыны. Мақсаты: түстерді қабылдау қабілеттерін дамыту. Еңбек тапсырмасы: құрап түскен жапырақтарды жинау. Мақсаты: қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру; қамқорлыққа тәрбиелеу. Балалардың шығарылған материалмен ойындары.	"Көңілді жан-жануарлар" музыкалық ойыны. Мақсаты: балалардың жабайы аңдар жайлы білімдерін толықтыру; балалардың қосылып тұрған музыканың ауысуына сәйкес қимылқозғалыс мінезін ауыстыру дағдыларын қалыптастыру; балалардың сөздік қорларын молайту; музыкаға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. "Отарда" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: шығармашылық қиялдары мен еліктеуді, негізгі қимылдарды дамыту. Балалар педагогтің белгі сөзі бойынша қимылдарды өзгертіп, орындап жүреді: ит - жүгіру, ат - секіріп жүріру, ешкі - орында секіру, мысық - баяу жүру. "Марғаумен ойнайық" ойын жағдаяты. Мақсаты: балаларды көлемі әртүрлі заттармен әрекеттер жасауға машықтандыру. Шарларды зерттеу, шарлармен тапсырмаларды орындау. Еңбекке баулуға арналған тапсырма: құмның бетін қокыс бұтақтардан жинау. Мақсаты: тазалыққа тәрбиелеу. Балалардың шығарылған материалмен ойындары.	Тауық пен балапандарын бақылау. Мақсаты: үй құстарының тіршілігі жайында түсініктерді тиянақтау; балапан мен тауықты негізгі айырмашылығын байқауға бейімдеу; қамқорлыққа тәрбиелеу. Үй құстарының суреттері мен ойыншықтарын қарастыру. Суреттегі үй құсын атау, оның дауысымен дыбыстауға жаттықтыру: "кыткыт-кыт", "ко-коко", "пи-пи-пи". "Екі көңілді қаз" қимыл-қозғалыс ойыны Мақсаты: еліктеу қимылдарын орындау біліктіліктерін қалыптастыру; үй қаздары жайындағы ұғымдарды тиянақтау. "Екі көңілді қаз". Екі қаздай жүрейік, Мойындарды созайық. (Бірінен бірі соң бір бағанда, мойынды созып жүру, екі қолды көтеріп, түсіріп, екі санның жағына соққылау) Қаздар дейді: Ға-ға-ға! Барайық біз базарға! (Сөздерді қайталап жүру) Базарға баруға болмайды, Шығындар көгалға! (Бағаннан шығып, алаңға шашырап жүгіру, шоқайып отыру,
----------------------	---	---	--	--	---

	кезде, мысық рөлі басқа балаға беріледі. "Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы. Мақсаты: балалардың кегли арасымен баяу және ептілекпен өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту. Балалардың шығарылған материалмен ойындары, қалақша мен қалыптарды дұрыс қолдануды, пішіндер дайындау біліктілігін үйрету. Еңбекке баулуға арналған тапсырма: құмды құмсалғышқа жинау. Мақсаты: ұқыптылыққа тәрбиелеу.				қолдармен тізені соққылау) Ахметова Д. "Допты ұста" ойын жаттығуы. Мақсаты: 50 см қашықтыққа тәрбиеші лақтырған допты ұстап алуға жаттықтыру. Еңбек тапсырмасы: гүлзарда өскен гүлдерді суару. Мақсаты: қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру; қамқорлыққа тәрбиелеу. Шығарылған материалмен ойындар.
Серуеннен оралу	"Сылдыр, сылдыр, сылдыр су..." ойын жағдаяты. "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су..." таппақ-жаттамағын оқу. Мақсаты: сабынды ыдысынан алуға үйрету, үлкендердің көмегімен, қолдарын сабындап, сабынды орнына қою, алақандарыңды бір-біріне ысқылап, сабынды шайып тастау, сүлгілерінің орнын білу. Ересек адамның көмегімен қолдарын құрғатады.				
Түскі ас	Көркем сөз. Қасықтарымыз біздің, Таңқалдырар барлығын! Қасықтарым сиқырлы, Тауысады тағамды. Міне тағам, міне ас, Қасық түк те қалдырмас!				

Күндізгі ұйқы	Музыкалық композицияны тыңдау: «Бесік жыры» (халық ауыз әдебиеті).				
Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары	Тақпақ-оятпақ: "Өтеш". Жата ғой, жата ғой, Демалып, ұйықтай ғой. Төсекте: Өтеш ұйықтайды" – б.қ. арқада жатып, қолды бастан жоғары созу, аяқ бірге. Бір қолды жоғары, созылу, өтеш оянды. Зр. Өтеш бидай іздейді" – б.қ. отырып, аяқты айқастыру, қол белде, басты солға, алдыға, солға еңкейту. Зр. Өтеш су ішеді" – б.қ. өкшеде отырып, қол түсірулі, тізерлеп тұру, қол жоғары, алдыға және астыға қол созып еңкею, б.қ. оралу. Өтеш секіреді" – б.қ. аяқ бірге, қол белде. 20с.				
Бесін ас (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Мақсаты: асты ішудегі әдептерді қабылдауға мүмкіндіктер жасау. Көркем сөз. Қойдым астың дәмдісін, Тәбетін тез ашылсын. Қасықпен көр дәмін, Тауысып же бәрін! Тамқты тауысқаннан кейін ғана үстелден тұру, орындықты үстел астына жылжыту, алғыс айту.				
Ойындар, жеке-дара іс-әрекет (сюжетті-рөлдік, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары)	"Марғаумен ойнайық" (пәндік әрекет пен құрама және динамикалық ойыншықтармен ойындар). Мақсаты: марғау туралы (дене бітімі, шығаратын дыбысы, қимылы жайында) нақтылылау; ойынға ілесу қабілеттерін арттыру. "Біз – марғаулармыз" ойын жаттығуы. Мақсаты: марғаулар мінез-құлқына сай әрекеттерді көрсете білу қалыптастыру.	"Марғау қайда жасырынды?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балаларды сөйлеуде үстеуді қолдануды жаттықтыру, сөйлеудің грамматикалық құрылымын қалыптастыру. Педагог марғау ойыншығын белгілі жерлерде жасырып жатады да, марғаудың қайда жасырынғаны сұрайды. Балалар: марғау үстелдің астында, орындықтың үстінде, шкафтың атында, теледидар алдында, екі баланың арасында жасырынды - деп жауап айтады.	"Арғымақтар" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балалардың тұяқтар дүбірі мен жылқылар шығаратын дыбыстарға, қозғалыстарға еліктеу біліктіліктерін қалыптастыру.	Дидактикалық ойын: "Енесін тап" (шағын топтармен). Мақсаты: балалардың үй жануарларымен олардың төлдері жайлы білімдерін бекіту.	Дидактикалық ойын: "Сиыр сүт береді" (жеке топтармен). Мақсаты: дауыс мәнері арқылы өтініш білдіру іскерліктерін қалыптастыру.

Серуенге дайындық (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	"Андарға түймелерін түймелеуге көмектесейік" дидактикалық тапсырмасы. Мақсаты: түймені түймелеу дағдысын қалыптастыруды жалғастыру; шұлықтан бастап, гольфіні, шұлық киюді үйрету.	Ойын алаңында қимыл-қозғалыс ойындарын өткізу барысында: - ойын шартын мұқият тыңда; - ойынды тәрбиешінің белгісі бойынша баста; - белгіленген жерде ғана ойна; - лақтыру кезінде жолдасына қарай дәлдеме;- белгіден кейін ғана допты лақтырып артынан жүгір; - ойын кезінде бір-бірінді итерме. Мақсаты: балаларды ойындар барысында ережелерді сақтауға бейімдеу.	"Біз серуенге қалай киінеміз". Мақсаты: киім-кешек, аяқ киім, бас киім атауларын және қолданысын нақтылау.	"Тілалғыш түймелер мен баулар". Мақсаты: балаларда өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру, аяқ киімнің бауын тағуды үйрету, түймелеудің басқа түрлерін қолдануға жаттықтыру, (түймелер, жапсырғыштар, жүгіртпелер).	"Біз қуыршаққа қонжыққа қонаққа баруға қалай көмектестік" ойын-жағдаяты. Мақсаты: балаларды өз киімдерін танып, атауға, оларды рет-ретімен киюге, өз шкафын белгіленуі (суреті) бойынша табуға, шкафқа тиянақты бүктеп салуға үйрету.
Серуен	Күнді бақылау. Мақсаты: балаларға күннің адамға, жанжануарға, өсімдіктерге қажеттігін көрсету (жапырақтардың түсі жасыл, гүлдерді түсі ашық, адамдар жылы киімін жазда кимейді, бақшадағы көкөніс, жидектер тез піседі); ұғымталдыққа, байқағыштыққа тәрбиелеу. Құрастыру жаттығуы: "Марғауға арналған үйшік" (жеке топтармен). Мақсаты: құрылыс материалдарының бөлшектерімен тәжірибе жасау әрекеттерін ынталандыру. "Қайда сыңғырлайды?" қимыл-қозғалыс ойыны.	Желді бақылау. Мақсаты: балаларға желді, жапырақтарға, шөпке, гүлдердің сабақтарына, жалауларға, бұлттарға қарап байқауға болатынын көрсету; желдің баяу және қатты соққанын байқауға дағдыландыру; зеректікке, табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру. "Балапандар мен күшік" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларды еліктеу қимылдарын жасауға ынталандыру; ойын желісіне, белгі бойынша бірінің соңынан бірі баяу жүру және бір бағытта жүгіру қабілеттерін жетілдіру; кеңістікті бағдарлау, зейін	Аулашының еңбегін бақылау. Мақсаты: аулашы қолға сыпырғыш алып, ауланы қоқыстар сыпыранынына, тазаланған аулаға көңіл аудару; ересек адамның еңбегіне қызығушылық тудыру. Аулашы шықса алаңға, Сырыпғыш түспейді қолынан. Кураған жапырақ, қоқысты Таба алмайсын оның жолынан Д. Ахметова. Еңбек тапсырмасы: құмсалғыштың бетін қоқыс бұталардан тазалау. Мақсаты: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.	Ауа-райын бақылау. Мақсаты: балаларға ауа райының құбылмалы екендігін, (жаңбырдан кейін ауадағы ылғалдылықты байқауға болатынын) көрсету; жапырақ, орындық, үлескенің дымқыл немесе құрғақ болғанын байқату; кешкі уақытта күн төмендеу түсіп, біраз салқындағанын байқату; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. "Күшікті қуып жет" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: бір-біріне соғылмай жүгіру біліктілігін қалыптастыру. Еңбек тапсырмасы: курап түсіп жатқан жапырақтарды жинау.	Аула құстарын бақылау. Мақсаты: аулада ұшып-қонып жүрген құстарды сыртқы келбетінің ерекшеліктері, қимылдары, дыбыстары арқылы ажыратуға баулу (торғай, қарға, сауысқан, көгершін, т.б.); бақылағыштыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. "Сиыр мен бұзауға арнап қоршау тұрғызамыз" ойын жаттығуы. Мақсаты: түрлі тәсілдермен қоршау құрастыру іскерліктерін дамыту. Еңбек тапсырмасы: ойын аяқталғаннан кейін барлық заттарды жинастыру. Мақсаты: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.

	Мақсаты: балалардың зейіндері мен кеңістікті бағдарлауын дамыту. Еңбек тапсырмасы: ойыншықтарды құмнан қағып, тазалап, қорапқа салу. Мақсаты: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.	қабілеттерін, жағымды эмоцияларды дамыту. Балапандар ұқсап балпаңдап жүруді көрсету. Күшіктің жүрігіп келуін байқап - жан-жаққа тарап жүгіру. Біз көңілді балапан үйректерміз, Балпаң, балпаң етіп жүреміз. Күшік келіп үрісе - Жан-жаққа жылдам жүгіреміз. Педагог балаларды, балапандарға жақсы еліктегендері үшін, мақтап жүреді. "Күшікке арналған тәттілер" ойын жаттығуы. Мақсаты: ермексазды ширату біліктіліктерін қалыптастыру. Еңбек тапсырмасы: ойын аяқталғаннан кейін барлық заттарды жинастыру. Мақсаты: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.	Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын әрекеті. "Марғауға арнап жіп орамын мүсіндеп береміз" ойын жатыттығуы. Мақсаты: балалардың ұсақ қол моторикасын дамыту; зейінділікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.	Мақсаты: тазалыққа, қарапайым еңбек дағдыларына баулу.	
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Тағамның атауын есте сақтау, тамақтану рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуді, әдепті бала болуды үйренеміз". (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу	"Үй жануарлары»" салынбалы жақтаулары бар ойын тапсырмасы. Мақсаты: үй жануарларын сәйкес жақтауға орналастыру іскерліктерін қалыптастыру; ұсақ қол моторикасын, ойлау қабілетін дамыту.	"Не қалай дыбыстайды?" ойын-жаттығуы. Мақсаты: балаларды үй жануарларының дыбысына еліктеуге жаттықтыру; "дыбыстау мәнерін", артикуляцияны жетілдіру. Құралдары: үй жануарларының суреттері. Күрделендіру амалы:	Қ. Баянбаевтің "Арғымақ" өлеңін оқу. Мақсаты: балалардың тақпақты мәнерлеп оқуға машықтандыру; сөйлеу мәнерін жетілдіру, есте сақтау қабілетін дамыту. "Естиміз-істиміз" ойын-жаттығуы.	"Әженнің ауласының тұрғындары" ойынжағдаяты. Мақсаты: балаларды үй жануарларының тіршілігі жайында көп білуге ынталандыру; қабылдау, зейін, ойлау, байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту.	Ертегі мағынасын қабылдау: "Шұбар тауық балаларда қонақта". Мақсаты: "Шұбар тауық" ертегісі желісіне деген қызығушылықты арттыру; мәнерлеп сөйлеу үлгісін қабылдауға бейімдеу.

		еліктеу сөзін айтып болғаннан кейін етістік сөзбен айтуға шақыру. Мысалы, ат кісінейді, қой маңырайды, сиыр мөңірейді, ит үреді, мысық мияулайды.	Мақсаты: қимыл-қозғалысты таныс өлеңдердің сөзіне сәйкес орындауды үйрету.	Құралдары: үй жануарлығының тіршілігі жайындағы сюжетті сурет.	
Балалардың үйге қайтуы (атааналарға кеңес)	"Үй жануарын үйде ұстау керек пе?" тақырыбына кеңес.	"Баланы үй жануарына деген сүйіспеншілікке баулу қажет пе?" тақырыбына кеңес.	"Үй жануарлары туралы ертегілерді оқып берейік" тақырыбына кеңес.	"Қамқоршы баланы тәрбиелеу" тақырыбына кеңес.	"Менің досым" атты үй жануарлары туралы фото көрме.

қарапайым
дұрыс

Күндері	22.08 - 26.08.2022ж.				
Өтпелі тақырыптың атауы	Біз өте татуымыз / Каким мы дружные / How friendly are we?				
Мекеменің атауы, тобы	Балбөбек				
Педагогтің аты-жөні	Муилова Г				
Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу.	Күнделікті дене қызуын өлшеу, балалардың дене терісіне, сыртқы келбетіне назар аудару; тәрбиешінің ата-аналарды толғандырған сұрақтарына жауаптары; балаларға арналған қолайлы орта тудыру. Ата-аналармен "Досың жаныңда болғанда көңіл-күйің қандай болады?" тақырыбында әңгімелесу.				
Еңбекке баулу	Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма: "Ойнап болғаннан кейін топ ішін жиыстыру". Мақсаты: балаларда саналы түрде тәртіпке деген ұмтылысты, ойыннан кейін ойыншықтарды жинау әдетін қалыптастыру, жұмыс жоспарын құра білу, алдағы іс-әрекетке қажетті материалдарды тандай білуге үйрету.	Еңбекке баулуға арналған тапсырма: өсімдіктердің ірі жапырақтарын сүрту. Баланы еңбек әрекетіне жетелеу. Мақсаты: бөлме өсімдіктеріне күтім жасауға үйрету, тазалыққа тәрбиелеу; еңбек етуге қызығушылықтарын және ересектерге көмектесу ниетін ояту. Сүртуге арналған алжапқыш, қолғаптар.	Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма: "Орындықтарды орындарына қоямыз". Мақсаты: еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы тез, дәл орындау.	Оқу іс-әрекетіне құрал-жабдықтар мен материалдар дайындау. Мақсаты: берілген тапсырмаға деген жауапкершілік сезіміне баулу, балаларды оқу іс-әрекетіне арналған материалдар мен жабдықтарды ұқыпты орналастыруға үйрету.	Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма: дымқыл шүберекпен орындықтардың шаңын сүрту. Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекеттеріне баулу.

Ойындар (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары)	"Жұпты тауып ал" ойыны. Мақсаты: балаларды түстер арқылы жұпка жиналу амалдарына үйрету; татулық, сүйіспеншілік сезімдерін дамыту. Балалардың әрқайсына түсі белгілі фишканы беріп, жұптарға жиналуға шақыру. "Дос болайық бәріміз" әні. Мақсаты: балаларға жағымды көңіл-күйге бөленуге мүмкіндік жасау; музыкалық қабілеттерді дамыту. - Балалар, біз бір-бірімізге доспыз ба? (Иә). - Қане, бәріне біз қалай дос бола алатынымызды көрсетейікші (бір-бірінің қолдарынан ұстап, құшақтасады). - Бірге дос туралы ән шырқайық	"Біз доспыз" жаттығуы. Мақсаты: бір-біріне жылы шыраймен қарауға бейімдеу. - Балалар, қане қол ұстасайық. Әрқайсыларың көршілеріңнің көзіне қарап, оған өзінің мейірімді күлкісін сыйласын. - Досыңның қолының жылуын, қолдарын арқылы бір-бірлеріне деген жылулықты сезініnderші. - Жылуды сездіңдер ме? Себебі біз көппіз және біз доспыз. Балалармен әңгімелесу: "Өзіңнің досын жайлы айтып бер". Мақсаты: достықтың мағынасын түсіндіру. Біздің ұран: «Әрқашан дос біргеміз, ажырамас іргеміз».	"Қалай дос болуға болады?" мультфильмін көрсету ("Айбала" бөлімінен). Мақсаты: достық туралы ұғымды қалыптастыру, татулық, сүйіспеншілік сезімдерін дамыту. Мультфильм мазмұны бойынша әңгімелесу. Тәрбиеші: - Балалар, Айбала неге жұлдызқұртпен дос болғысы келмеді? (Жұлдызқұрттар оны алдады.) - Айбаланы кім "досым" деді? ("Досым" деп шегіртке айтты.) - Досы Айбалаға не үшін: "Рақмет, досым", - деді? - Иә. Айбала оған көмектесті, қолын созды.	Достық, достар жайлы ән тындау. Мақсаты: балалардың бірін-бірі жылы шыраймен қабылдауға бейімдеу; балалардың бір-біріне жақын жүріп, ойнап, ән салу әрекеттерінен жағымды эмоцияларын дамыту; "достық" ұғымының негіздерін қалау. Педагог балаларды мазмұны жеңіл әндерді айтуға шақырады. Әндерді музыка жетекшісінің ұсынымымен алуға болады.	Тақпақты мәнерлеп оқу. Мақсаты: балалардың көркем сөзіне деген қызығушылықтарын арттыру; оқылған оқиғаның желісін бақылауға бейімдеу; сұрақтарға жауап айтуға баулу. Екі достың оқиғасы. Кірпі менен сұр қасқыр, Көрші тұрды орманда. Тауып алды әткеншек, Серуендеуге барғанда. Әткеншекке жүгірді, Тербелем деп бірінші. Дауласып тұр екі дос, Ренжітіп бір-бірін. "Менмін, мен тауып алған, Мен отырам қалайда"Деп кішкентай кірпі де, Томсырайып қарайды. Қасқыр айтты кірпіге, Түсіп кеткен қабағы. "Дос емесің сен маған, Ойнамаймын бар ары". - Балалар, біз не туралы оқыдық? - Иә. Кірпі мен қасқыр туралы.
---	--	---	---	--	--

					- Кірпі мен қасқыр дос бола алды ма?Құралдар: қасқыр мен кірпінің (мультипликациялық) суреті.
Таңғы жаттығу	Музыканттар. Топтасып жүру, топтасып жүгіруге көшу, жүрумен аяқтау. Жалпы дамытушылық жаттығулар. 1. "Үлкен дауылпаз". Б. қ.: аяқтар сәл алшақ, қол төменде. Қолды екі жанға көтеру, түсіру. 4 рет қайталау. 2. "Дауылпазда ойнаймыз". Б. қ.: аяқтар сәл алшақ, қол төменде, арқада. Еңкейіп тізеден ұру, "бум-бум" - деп, түзелу. 4 рет қайталау. Тәрбиешінің артынан жылдам жүру. Баяу жүрумен тоқтау. Анамызға арналған музыка. Бірінің артынан бірі жүру. Аяқ ұшымен жүру. Шеңбер құрып тұру. Сылдырмакпен жалпы дамытушылық жаттығулар. 1. "Сылдырмақты қақ". Б. қ.: аяқтар сәл алшақ, қол төменде, сылдырмақ сол қолда. "Сылдырлат" - сылдырмақты жоғары көтеру, сылдырлатып, төмен түсіру. 3 рет қайталау. Сылдырмақты екінші қолға алып, дәл сол жаттығуды қайталау. 2. "Сылдырмақты соқ". Б. қ.: солай. еңкею, сылдырмакпен тізені ұру, "динь-динь"-деп түзелу. 3 рет қайталау. Дәл солай сол қолымен орындау. 3. "Сылдырмақты қой". Б. қ.: солай. Отыру, сылдырмақты еденге қою, түзелу. 2 рет қайталау. Сылдырмақты басқа қолға алып, дәл сол жаттығуды қайталау.Бір-бірінің артынан жүру, жүгіру.				
Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)					
Ойындар, оқу қызметіне	ҰОҚ-не дайындалуға арналған ойындар мен ойын жаттығулары				

дайындық	Таңғы сәлемдесу шеңбері. Мақсаты: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; топтастарға жылы шыраймен қарауға баулу. Қол алысып, қане, біз, Достасайық бәріміз. Айтарым бар сендерге, Тез тұрындар шеңберге. Қандай жақсы бір тұру, Достарменен бір жүру! Қандай жақсы дос болу! - Балалар, көңіл-күйлерің қандай? - Көтеріңкі, көңілді, қуанышты! - Біз біргеміз, біз доспыз.	"Жақсы - жаман" ойыны. Мақсаты: балалардың жаман-жақсы туралы түсініктерін қалыптастыру; сөйлеу қабілеттерін дамыту. Бір-бірінді ренжіту – жаман. Ойыншықтармен бөлісу – жақсы. Бірге ойнау – жақсы. Жанжалдасу – жаман.	Таңғы сәлемдесу шеңбері. Мақсаты: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; қоршаған объектілерге қызығушылықты тудыру. Сәлем саған, алтын күн! Сәлем саған, көк аспан! Сәлем саған, Жер-Ана! Сәлем саған, достарым! Балалар қимылдарды орындайды, бір-бірін құшақтайды.	"Күлкішілер ұшағында саяхат". Мақсаты: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, достыққа тәрбиелеу. Тәрбиеші: - Балалар, бүгін біз күлкішілер ұшағына отырып, саяхатқа шығамыз. Ол үшін бірнеше шартты орындау керек. - Қанаттарымыз екі жақта! (Балалар қолдарын екі жаққа созады) - Белдіктерді саламыз! (Белдіктерді салған болып көрсету) - Моторды қосайық! (Екі қол шынтақта бүгілген, алда, екі қолмен мотордың айналғанын көрсету) - Ал енді ұшу үшін, мотордың бұндай дыбыстарын көрсетеміз: Ха-ха-ха! - Мен бір ауыз сөздер айтқаннан кейін, сендер: Хаха-ха! - деп қолдайсыңдар. Жарайды ма? - Біз ұшқанда күлеміз: Балалар: Ха-ха-ха! Ха-ха-ха! - Біз күлкішілер қаласына ұшамыз: Балалар: Ха-ха-ха! Ха-ха-ха! - Күн мен бұлтқа сәлем айтамыз: Балалар: Ха-ха-ха! Ха-ха-ха! Көңілсізді қолдаймыз: Балалар: Ха-ха-ха! Ха-ха-ха!	Ойын: "Досынды тап". Мақсаты: ұсақ бөлшектерден тұтас бөлшекті құрауға дағдыландыру; ойлау, қабылдау, зейін қабілеттерін, ұсақ қол моторикасын дамыту. Балаларға түрлі-түсті пішіндер үлестіреміз, олар екінші жартысын табу керек. Тәрбиеші: - Балалар, екінші жартысын таптыңдар ма? - Ол сендердің жұптарың, достарың болады.- Сендер достарыңның аты кім екенін білесіңдер ме? - Ал енді достықтарыңның қаншалықты берік екенін тексерейік.
----------	--	---	---	--	---

Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ	Дене шынықтыру "Тату болайық" Мақсаты: Балаларды бірінің артынан бірін адымдатып жүргізу; залды айнала жүріп қолдарын жоғары көтеріп, гүлдер сияқты жайқалу; екі қолымен допты тордан жоғары лақтыру іскерліктерін жетілдіру; допты тордан жоғары лақтыру кезінде шапшаң, епті әрі жылдам болуға тәрбиелеу. <i>"Допты қуып жетіңдер"</i> <i>қимылды ойыны.</i>	Көркем әдебиет ""Дос іздеген бота"ертегісі" Мақсаты: Балаларға ертегі мазмұны бойынша бойларына мейірімділікті, адалдық қасиеттерін сіңіру; ертегіні байланыстыра сөйлеуге, өз ойын толық айтуға дағдыландыру; сөздік қорын молайту, тілін, есте сақтау қабілетін дамыту; досқа адал, мейірімді болуға тәрбиелеу. <i>"Бағдаршам" дидактикалық ойыны.</i>	Жаратылыстану "Дос болайық бәріміз" Мақсаты: Балаларды достарымен мейірімді қарымқатынаста болуға үйретуді; достық құндылығы туралы түсінік беру; достаса білуге тәрбиелеу; коммуникативтік дағдылардың дамыту. <i>Аяқпен топ-топ-топ.</i>	Сурет салу "Дос бола білейік" Мақсаты: Контур шегінде сурет салу, суретті жетіспейтін бөлшектермен толықтыру біліктіліктерін қалыптастыру; достық қарымқатынас жайлы түсінік беру; көркемдік біліктіліктерін, қарындашты дұрыс ұстау дағдыларын дамыту; бірі-біріне деген сыйластыққа, достыққа тәрбиелеу. <i>Еліктеу ойыны «Көңіл күй».</i>	Музыка "Көңілді балалар" Мақсаты: Балалардың музыкалық аспаптарында ойнай отырып, мимика, пластик көмегімен музыкалық бейнені мәнерлі, эмоционалды түрде жеткізе білу қабілетін дамыту; әр түрлі сападағы материалмен тәжірибе жасау барысында шығармашылық қиял мен музыкалық сенсорлық қабілеттерді дамыту. <i>«Сылдырмақ» музыкалық-дидактикалық ойын.</i>
--	--	--	--	--	---

Серуен	Бақаны бақылау. Мақсаты: балаларды туған өлкенің табиғатымен, оның мекен етушілерімен таныстыруды жалғастыру. Балаларға бақаның тіршілік ету ортасы, оның немен қоректенетіні, тигізетін пайдасы туралы айту. Табиғатты аялауға және қамқорлық танытуға тәрбиелеу. Бақаның өзі болмай жатса, фотосуретін көрсетіп, әңгімелеу. Әңгімелеу. - Балалар, біз табиғат аясына шыққан кезде бақаны көрсек жолымыз болды деген сөз. - Суреттегі бақаға қарандар. Оның түсі қандай? Бақаны суреттейікші. - Бақа су, жасыл шөп пен масалар көп жерде тіршілік етуді ұнатады. Бақа масалармен қоректенеді. Оның ұп-ұзын тілі бар. Ұшып бара жатқан масаға қарай ұзын жабыспақ тілін жіберіп, сол масаны қағып алады екен. - Бақа кейіпкері қандай ертегілерді кездеседі? - Жарайсыңдар, "Үйшік", "Қолғап" ертегілерінде кездеседі екен.	"Қайықтар" . Мақсаты: серуен кезінде жағымды ойын жағдайын тудыру. Өз қолымен ойыншық жасауға деген ұмтылысын дамыту. Айналасын қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауға тәрбиелеу: өзінен кейін көшеде қоқыс қалдырмау. Әңгімелеу. Жаңбырдан кейін далада көптеген жылғалар мен көлшіктер болады. Таяз және терең көлшіктер бар. Үлкен және кішкентай көлшіктер бар. Кең және тар көлшіктер бар. Қалай ойлайсыңдар қандай көлшіктерде қайықтар жақсы жүзеді? Неге? Қайықтарды неден жасауға болады? (Грек жаңғағының қабығынан, ағаш қабығынан, қағаздан, ағаш жапырағынан, кішкентай пластик бөтелкеден.) Өз қайықтарыңды қалай атайсыңдар? Ал сендер үйлеріне қайтқанда, қайықтарына не болады? Оларды неге тастауға болмайды? Егер қайық пенопластан, пластмастан жасалса, онда ол табиғатты ластайды. Өзінен кейін қоқыс қалдыруға болмайды, егер сендер қайықтарыңды тастасаңдар, ол бұзылып, бірден қоқысқа айналады.	Жәндіктерді бақылау. Мақсаты: балаларды жиі кездесетін жәндіктермен, олардың тіршілік ерекшелігімен таныстыру. Негізгі мазмұны: қоңыздардың қалай жүретінін қарастыру, олардың кейбіреулері ұшады. Ұшар алдында қоңыздардың қанаттарын қалай ашатынын, қорек іздеуге ұшып кетуін бақылау. Көркем сөз. Ұшқанда өлең айтады, Қонғанда жер қазады. Мұны да ойлап көріңіз. (Қоңыз). Тыныс алу жаттығуы. "Қоңыздар". Балалар орындықтарға отырады, тәрбиеші: "Ж-жж, - деді, - қоңыз-з-з" - дейді. Балалар қолдарын иықтарына айқастырып қойып: "Тұрамын, ұшамын ж-ж-ж-ж-ж" - дейді. Балалар қолдарын екі жаққа жазып, "ж-ж-ж-ж-ж" - деп дыбыстап, топ ішінде қозғалады (2 – 3 мин). "Қоңыздар" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларды жан-жаққа шашырап жүгіруге, белгі бойынша бағытты өзгертуге, зейінділік танытуға жаттықтыру.	Ауа-райының жағдайын бақылау (күн жарқырап тұр немесе жаңбыр жауып тұр). Мақсаты: жаз жайлы әңгімені тыңдай отырып, балалар шуақты күнге, көк аспанға, баяу қалқыған бұлттарға тоқталып өтеді. Жеке жұмыс: жолдармен жаттамақ сөздерінің ырғағына сай жүру. "Үлкен аяқтар жолмен келеді... топ, топ, топ. Кішкентай аяқтар жолмен жүгіреді... топ, топ, топ". "Менің көңілді добым..." қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларды екі аяқпен секіруді үйрету, мәтінді мұқият тыңдау және допты соңғы сөз айтылғаннан кейін ғана қуу. "Жалаушаға қарай жүгір" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларды белгі бойынша бір бағытта, бір-бірін итермей, жүгіруге ынталандыру; шапшаңдыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу. Еңбекке баулуға арналған тапсырма: үлескені жинау; құмды құмсалғышқа салу. Мақсаты: ұқыптылыққа тәрбиелеу. Дербес ойын әрекеті. Мақсаты: шығармашылық ойындарды дамытуға жағдай тудыру (ұсақ ойыншықтар мен заттарды таңдау, сонымен	Күнді бақылау. Мақсаты: жаз мезгіліндегі ауа-райының жағдайы жайлы түсінік беру. Маусымдық киімдер атауларын бекіту. Негізгі мазмұны: жазда күннің қатты қыздыратынын, сондықтан балалар жалаңаш жүретінін айта кету. Күнге тікелей қарау мүмкін бе екенін сұрау. Неге? Күн өте жарық, сондықтан қараған кезде көз қарауытады. Жазда адамдар күн сәулесінен қорғайтын көзілдірік киеді. Көркем сөз: Шуақтары тарайды, Тереземнен қарайды. Еркелетер аймалап, Сәуле шашар арайлап! "Тауық пен балапандар" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларда қимыл-қозғалысты белгі бойынша орындау біліктіліктерін дамыту, әртүрлі бағытта жүгіріп, еңбектеп өтуге жаттықтыру. "Жидекті теріп алайық" ойын-жаттығуы. Мақсаты: балаларды алдын-ала алаңға таратылып жайылған жидектердің кескіндерін сигнал бойынша қорапшаға
--------	---	---	---	---	---

	- Бақалар оны мазалағанды ұнатпайды, сол себепті шөптің арасында және көлеңкеде жасырынады. - Ал егер сендер оны көріп қалсаңдар, онда қолға алуға асықпаңдар, оданда сыртқы келбетін мұқият қарастырыңдар. Ол масалар мен шіркейлерді аулайды. Суда жүзіп, күнге қыздырылғанды жақсы көреді. "Торғайлар мен мысық» қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларда кеңістікте қозғала білу, ұжыммен бір-біріне соғылмай қимылдау біліктіліктерін дамыту; белгі бойынша әрекет ету, тереңдікке, орыннан ұзындыққа секіруге, жылдам жүгіруге жаттықтыру. "Бақалар" қимыл жаттығуы. Мақсаты: балаларға бір орыннан ұзындыққа секіруге жаттықтыру; аяқ, дене бұлшық еттерін ұлғайту; шыдамдылыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Еңбекке баулуға арналған тапсырма: үлескені жинау; құмды құмсалғышқа салу. Мақсаты: ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Тыныс алуды дамытуға арналған ойын: "Маған ұшуды үйрет". Мақсаты: балаларды нұсқауларды дұрыс түсініп, қимылдарды жасауға дағдыландыру. Бізге көзі, тұмсығы, қанаты, құйрығы салынған әуе шары "балапан", шеңбер — "ұя" керек болады. Санамақ бойынша "жел" тұрады. Екі ойыншы шеңберді тігінен ұстайды. "Ұяда" - балапандар, олар шарды ұстап отыр. Балапандар ән салады немесе дыбыстайды: "Ала қанат сауысқан, ұшуды үйретші, аласа да, биік емес, күн көрінсе жетеді! " Кейін балалар ақырындап, шарды жоғары қарай лақтырады ("балапан" "ұядан" ұшып шығу керек). "Самал жел", ұяның алдында тұрған, шарды жерге түспейтіндей үрлейді де қайта ұяға кіргізеді (шар қайта обруч үстінен ұшып өту керек). Жас ерекшелігіне сәйкес "тыныс алу" саны белгіленеді (дем шығару 3-б артық емес). Ескерту: тыныс алу мұрын арқылы, дем шығару- ұртты толтырмай жасалады. Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын әрекеті. "Гүлдер мен аралар" қимыл-қозғалыс ойыны.	Еңбек тапсырмасы: ойыншықтарды қорапқа, құмнан тазалап, жинау. Мақсаты: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын әрекеті. Шығарылған материалдар: күрекшелер, сыпырғыштар, зембілдер, түрлі-түсті қарындаштар, қалыптар, қағаз беттері.	қатар табиғи материалдарды кеңінен қолдану).	жинауға тарту; зейінді, кеңістікті бағдарлау, бір-біріне бөгет болмай қимылдауға бейімдеу. Еңбекке баулуға арналған тапсырма: серуеннен қайту алдында ойыншықтарды реттеу. Мақсаты: ұқыптылыққа тәрбиелеу. Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын әрекеті. Шығарылған материал: күрекшелер, сыпырғыштар, түрлі-түсті дөңгелектер, қалыптар, мөлшерлер. Балалардың еркін ойындары.
--	---	---	--	---	---

	Құмсалғыштағы ойындар «Ненің ізі». Мақсаты: балалардың қиялын, ұсақ қол моторикасын жетілдіру. Кішкентай балалар тобымен немесе бір баламен ойнауға болады. Ойынның бір қатысушысы құмға аңның немесе үй жануарының ізін салады. Қалғандары іздердің неге тиесілі екенін табу керек. Жоқ жануарларды да ойлап табуға болады.	Мақсаты: балаларды сигнал бойынша жұптарға жиналуға және жан-жаққа тарап жүгіруге дағдыландыру. Құралдар: таратпалы маскалар: гүлдер мен аралар. Шығарылған материалдар: күрекшелер, шелектер, қалыптар, қуыршақтар. Еңбекке баулуға арналған тапсырма: ойыншықтарды құмнан қағып, қорапқа жинау. Мақсаты: ұқыптылыққа тәрбиелеу.			
Серуеннен оралу	Мақсаты: балаларды киімдерін реттілік сақтай отырып шешінуді, киімдерін шкаф сөрелеріне орналастыруды, қол жууды үйрету. Көркем сөз. Сабынымды аламын, Алақанға саламын. Көпіртемін жақсылап, Қолды жуамын				

	мұқият. Білек, бетті, мойынды, Жуамын да, сүртемін. Тап- таза, көңілді боп, Мен үнемі жүремін. Тусипжанова-Шагирова А
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
Кешкі ас	Тағамның атауын есте сақтау, тамақтану рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуді, әдепті бала болуды үйренеміз". (мәдени-гигиеналық дағдылар)

Түскі ас	"Қасықты дұрыс ұстап үйренеміз". Балаларды қасықты дұрыс ұстауды үйрету бойынша жұмысты жалғастыру. Ғажайып сәт. Топқа қасықты ауызына дұрыс апармай, көжені шашыратып, үнемі көйлегін былғап алатын Камила қуыршақ "келеді". Балалар қонақты сабырға шақырады. Оған "қуыр, қуыр, қуырмаш" санамағын айтып береді. Кейін тәрбиеші сәбилерге сиқырлы қасықтарын қолдарына алып, қуыршақ Камилаға көжені қалай жеу керектігін көрсетуді ұсынады. Сонында Камила балаларға алғысын білдіреді.
Күндізгі ұйқы	Мақсаты: балалардың жайлы ұйқысына жағдай тудыру. "Әлди-әлди" әні. Көзімнің ағы-қарасы, Жүрегімнің парасы, Уайым-қайғы ойлатпас, Көңілімнің сапасы. Айналайын, шырағым! Көлге біткен құрағым! Маңдайдағы құндызым, Аспандағы жұлдызым.

Бірте-бірте тұрғызу, Кешенді шынығу жаттығулары.

шынығу

процедуралары

“Марғаулар оянады” (балаларға төсекте жатып керілуді, арқаны жазып, қолды жоғары

созып, бір бүйірден екінші бүйірге бұрылуды ұсыну.) Кіп-кішкене марғаулар,

Пырылдайды үнемі,

Жайғасыпты

кілемде, Ояңғысы

келмейді.

Жалқауланба,

марғауым, Қандай

сенің таңдауың.

Бойыңды жаз,

керіліп,

Қалғандайсың

керіліп.

Жеңіл уқалау (Қол және аяқ саусақтарын жоғары қарай

уқалау, белді, арқаны, кеудені жазу) Аяқ ұшымен жатын

бөлмеде жүру.

Керілдік, жылдам тұрдық,

Аяқ ұшымен жүгірдік...

“Денсаулық жолдарымен” жүру.

“Топ, топ, топ”- адымдайды біздің аяқ.

Мақсаты: қан айналымын жетілдіру.

Бесін ас

(қалыптастырылатын

іскерліктері мен

дағдылары)

Қолды сабындау және түзу қимылдармен жууды үйретуді жалғастыру, қолды жуғаннан кейін сығуды үйрету.

Қолдарын өз орамалдарымен сүртіп, орнына ілу біліктіліктерін бекіту. "Біз қолымызды қалай жуамыз"

дидактикалық ойыны.

Жаттамақ оқу: "Мөлдір су".

ордалады
жұмыс

Күндері	29.08, 31.08.2022ж.				
Өтпелі тақырыптың атауы	Қош сау бол, жаз! /До свидания, лето!/ Goodbye, Summer!				
Мекеменің атауы, тобы	Балбөбек				
Педагогтің аты-жөні	Алиева С				
Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Балалардың денелері мен тері қабатын тексеру, қуанышпен қарсы алу. "Жазғы демалыстардың балалардың денсаулығына жағымды ықпалы" тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу.				
Ата-аналармен әңгімелесу.					
Еңбекке баулу					
Ойындар (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары)	Оқу іс-әрекетіне құрал-жабдықтар мен материалдар дайындау. Мақсаты: берілген тапсырмаға көңіл аударуға бейімдеу, оқу іс-әрекетіне арналған материалдар мен жабдықтарды ұқыпты орналастыруға үйрету.		Құрастырмақтардың қорапқа жиналуына назар аударту; бөлшектер шашырап жатса, қорапқа сыймайтынын түсіндіру. Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма: құрастырмақтардың бөліктерін қорапқа ұқыптап жинату.		
	Саусақ жаттығуы: "Бес саусақ". Мақсаты: балалардың қол ұсақ моторикасын, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту, ақыл-ой дамуын ынталандыру. Оң қолымда бес саусақ, Сол қолымда бес саусақ. Оларды атап шақырар, Әрқайсысының аты бар. Бас бармақ, Балаң үйрек,		"Балабақшаға келе жатқанда мен не көрдім?" тақырыбындағы бақылау. Мақсаты: тақырып бойынша сөздік қорларын белсендіру. Педагог балалардан балабақшаға келе жатқан жолдарында не көргендерін айтуды сұрайды (көп көліктер, балалар, автобустар, бағдаршам және т. б.).		

	Орган терек, Шылдыр шүмек, Кішкене бөбек.				
Таңғы жаттығу	Тыныс алу, релаксация, сөйлеу артикуляциялық жаттығулары, ойын массажы элементтерімен таңғы жаттығулар. Жаттығу орындайық. Терезені ашайық, Таза ауа жұтайық. Ауыртпайды ағзаны, Таза ауа пайдалы!				
Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру. Көркем сөз. Қасықтарымыз біздің, Таңқалдырар барлығын! Қасықтарым сиқырлы, Тауысады тағамды. Міне тағам, міне ас, Қасық түк те қалдырмас! Балалардың беті - қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Ас-су ішкенде сөйлемеу. Тамақтанып болған соң "ракет" айту.				
	ҰОҚ-не дайындалуға арналған ойындар мен ойын жаттығулары				

Ойындар, оқу қызметіне дайындық	Сәлемдесу ойыны "Менің көмекшілерім". Мақсаты: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; дене мүшелерін қабылдап тануға тәрбиелеу. Мынау – менің жүрегім, Бәрі осыдан басталған, Мынау – басым ақылды. Бәрін осы басқарған. Мынау – менің оң қолым, Мынау – менің сол қолым. Барлық істі атқарған.		Қуаныш шеңбері. Мақсаты: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; дене мүшелерін қабылдап тануға тәрбиелеу. - Қайырлы таң, көздерім (Қабакты сипау) - Сендер ояңдындар ма? (Үлкен және сұқ саусақтан "дүрбі" жасау) - Қайырлы таң құлағым! (Алақанмен құлақты сипау) - Сендер ояңдындар ма? (Саусақтарды кең ашып, құлаққа тигізу) - Қайырлы таң, қолдарым! (Екі қолды кезек-кезек сипау) - Сендер ояңдындар ма? (Қол шапалақтау) - Қайырлы таң, күн! (Қолды жоғары созу) - Мен ояңдым! (Басты жоғары көтеру)		
Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ	Жазғы ойын-сауықтар		Жазғы ойын-сауықтар		
II-ші таңғы ас	Астарың дәмді болсын				

Серуен	Желді бақылау. Мақсаты: жел туралы ұғымдарын пысықтау; желді шайқалған ағаштардың бұтақтарына, желпілдеген жапырақтарына, желбіреген жалауларға қарап білуге машықтандыру. Ағаштардың қозғалып, майысқанын, иілгенін бақылау, ағаштардың бұлай істеуінің себебі не екенін сұрау. - Қандай жел соғып тұр: суық, жылы? Жылдың төрт мезгілінде болатын желдің түрлерін еске түсіру. Көркем сөз. Тентек желді көріп ем, Бізге қыдырып келген! Терезеден гу етіп, Есіктері сарт етті. Қалпағыммен ойнады, Ойынға бір тоймады. Шаршап қалды кенеттен, Байқамай ұйықтап қалды. "Трамвай" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балалардың қозғалысын басқа ойыншылардың		Ағаштар мен бұталарды бақылау. Мақсаты: бұталар мен ағаштар туралы білімдерін бекіту, ағаштар мен бұталар арасындағы ұқсастық пен айырмашылықтарын ажырата білуге үйрету, ағаштар мен бұталарға ұқыпты, қамқорлықпен қарауға үйрету. Балалардан балабақша аумағында қандай ағаштар мен бұталар өсетіндігін сұрау. Ағаштың бұтадан айырмашылығын сұрау. Ағаштың бір діңі бар, бұтаның діңі жоқ. Ағаш бұтадан биік. Көркем сөз. Ағаштарға қамқорлық жасайық, Жапырақ пен бұталарын жұлмайық. Жыл сайын ағаш егіп, көбейтейік. Туған елді осылайша көркейтейік! Тусипжанова-Шагирова А. "Баяу - жылдам жүрейік" ойын-жаттығуы. Мақсаты: балаларды белгі бойынша баяу және жылдам жүруге машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Педагог балаларды бір		
--------	---	--	--	--	--

	қимылдарымен үйлестіре отырып, жұппен қозғалу қабілетін дамыту; түстерді тануға және оларға сәйкес қимыл-қозғалыстарын өзгертуге үйрету. "Қуыспақ" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларды белгі бойынша, қуғыншыдан қашып жүгіруге бейімдеу; күш-жүгерін, кеңістікті бағдарлай білу қабілетін дамыту. Балалар қуыспақ ойнағанды өте жақсы көреді. Ойын ойнатылмас бұрын ересек адам алдын-ала жұмыс жүргізу керек: ойын шартын түсіндіріп, жүгіруге арналған аймақты белгілеп беруі керек. Балалардың далаға алып шығатын материалдармен өз бетінше ойын әрекеттері. Далаға алып шығатын материалдар: күректер, шелектер, қалыптар, жыл мезгіліне сай киіндірілген қуыршақтар, машиналар. Еңбек тапсырмасы – құрап түскен жапырақтарды жинау. Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек түрлеріне баулу.		бағанға тұруға шақырады: - Балалар, бүгін біз саяхатқа шығамыз, баяу және жылдам қалай жүретінімізді байқайық. Зерек бала болу біл. Қане, бағанға тізіл! Жарайсыңдар, балалар! Бағыттаймыз алысқа. Біз жүреміз, асықпаймыз, Аяндап, жан-жаққа қараймыз. Тып-тыныш қадам басып, Дыбыстарды шығармаймыз. Ал енді шапшаң болайық, Тура жолдарға шығайық, Бақша алаңына, алақай, Жылдам жүгіріп барайық. Д. Ахметова. Далаға алып шығатын материалмен ойындар. Мақсаты: балаларды өз бетінше ойынға қажетті атрибуттарды іріктеп, таңдап алуға үйрету. Алып шығатын материалдар: күректер, сыпырғыштар, қалақшалар, қалыптар, зембілдер, қарындаштар мен қағаз парақтары. “Бедерлі жолдармен” ойын жаттығуы. Мақсаты:		
--	--	--	---	--	--

			асфальтта сызылған бедерлі сызықтармен жүруді жаттықтыру.		
Серуеннен оралу	Балаларды жүйелі түрде шешінуге, киімдерді шкаф сөрелеріне қоюға, қолдарын жууға үйрету.				
Түскі ас	Алдағы түскі асқа назар аударту; үстел басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетін енгізуге бағытталған жеке жұмыс; этикет ережелері.				
Күндізгі ұйқы	Мақсаты: әжетханаға бару, жуыну, киімдерін бүктеу, тыныш ұйықтау сияқты белгілі бір рәсімдерді сақтай отырып, ұйқыға өзін-өзі дайындау дағдыларын қалыптастыру. Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. Ұйықтар алдында шешінгенде, орындықтың арқалығына көйлек немесе жейделерін ілгізіп, ал орындықтың өзіне шалбарын, етектерін бүктеп қойғызу. "Әлди - әлди" әні. Көзімнің ағы-қарасы, Жүрегімнің парасы, Уайым-қайғы ойлатпас, Көңілімнің сапасы. Айналайын, шырағым! Көлге біткен құрағым! Маңдайдағы құндызым, Аспандағы жұлдызым.				

Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары	Оятпақ. Төсекте жатып керіліп - созылу, жаттығу жасау, өзін-өзі уқалау. Балалар әуезді музыка әуенімен оянады, содан кейін кереуеттің үстінде жатып, 5-6 жалпы даму жаттығу орындайды. Басты оңға, солға бұру. Қолды, ішті, аяқты, өкшені жеңіл сипау. Екі аяқтың тізесін бүгіп, екі қолмен құшақтау және біртіндеп түзету. "Көңілді аяқтар" Аяқтарды биік көтер, міне былай, Топ, топ, топ! Көңілдірек! Биігірек! Міне былай: Хоп, хоп, хоп! Қоңыраулар сыңғыр-сыңғыр, Қатты-қатты , сылдыр-сыңғыр! Шап жүйрігім, шап-шап, Тпру - ру -у, тұлпарым: Тоқтат! Тоқтат! Шынықтыру шаралары. Дымқыл сүлгімен сүртінуге. Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында денсаулық кілемшелерімен жүру. Мақсаты: мәдени-гигиеналық дағдыларды жүзеге асыру жайындағы білімдерін бекіту. "Сылдыр, сылды, сылдыр су" ойын жаттығуы.				
Бесін ас (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Қасықты оң қолға ұстау, ерінмен жайлап тамақтану, ересектердің көмегімен тамақтану дағдыларын қалыптастыру. "Аю анасы қонжықты қалай дұрыс тамақтануға үйретті" ойын жағдаяттары. "Алақай, алақай", "Дана біздің ақылды" таппақ-жаттамақтары.				
Ойындар, жеке-дара ісәрекет (сюжетті-рөлдік, аз кимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары)	"Қала саламыз" құрылыс материалдарымен кілемде ойнайтын ойындар Мақсаты: құрастыру іскерліктерін дамыту, бірге ойнау "Көлік жүргізушілері" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсаты: балалардың жүргізуші мамандығы		"Шалқан үлкен болып өсіпті" театрландырылған ойын. Мақсаты: балалардың ертегі желісі жайындағы білімдерін пысықтау; эмоцияларды, коммуникативтік қабілеттерді дамыту. "Біздің аулада" ойын жағдаяты.		

	жайындағы түсініктерін тиянақтау; ойын арқылы қарым-қатынас орнатуға бейімдеу; екі кейіпкермен өзара әрекеттесу қабілетін қалыптастыру (жүргізуші - жолаушы). Балаларды белгілі бір рөл үшін өз атрибуттарын табуға талпындыру. Еңбек тапсырмасы: ойын сөресіне заттарды жинастырып, қалпына келтіру. Мақсаты: еңбек дағдыларын тәрбиелеу.		Мақсаты: балаларда жағымды эмоциялар тудыру; әсерлерін байыту; ойынға деген қызығушылықтарын арттырып, ересек адамның дауыс интонациясына еліктеуге ұмтылуға жетелеу.		
Серуенге дайындық (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Шкафтан далаға киетін аяқ киімін алу дағдысын қалыптастыру, көмек сұрау кезінде сөзбен өтініш білдіруге үйрету, қабылдау бөлмесінде өзін-өзі ұстауға үйрету. Жазғы серуен кезіндегі ережелер: - серуен кезінде бас киім немесе орамал тағу;- ыстық ауа-райында, көлеңкеде ойнау (үлеске төбелдірігінде); - күнге тіке карамау, себебі бұл көру қабілетін нашарлатуы мүмкін; - серуендеу кезінде әркім өз жеке стақанынан тек қайнатылған су ішуге болады; - серуен кезінде жемістерді (алма және т.б.) жеуге болмайды, өйткені қол кір болады және оларда ауру		Мақсаты: жапсырмасы бар қапсырмалы аяқкиімді шешіп-тағу дағдыларын қалыптастыру, басқа да қапсырма түрлерін қолдана білуге жаттықтыру. Аяқ киімдерін киіп, ересек адамдардың көмегімен түймелерін тағу және киімдерін шкафқа ілу дағдыларын қалыптастыру. Қабылдау бөлмесінде өзін - өзі ұстау мәдениетін сақтауға үйретуді жалғастыру.		

	тудыруы мүмкін микробтар көп.				
--	-------------------------------	--	--	--	--

Серуен

Ауа-райын бақылау.
 Мақсаты: балаларға ауа райының құбылмалы екендігін, (жаңбырдан кейін ауадағы ылғалдылықты байқауға болатынын) көрсету; жапырақ, орындық, үлескенің дымқыл немесе құрғақ болғанын байқату; кешкі уақытта күн төмендеу түсіп, біраз салқындағанын байқату; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. Еңбек тапсырмасы: құмды бір жерге үйіп, шелектерге салып, құмсалғышқа апару.
 Мақсаты: қарапайым еңбек әрекеттерін орындауға баулу.
 "Іздер" құммен ойнайтын ойындар.
 Мақсаты: балалардың ұсақ қол моторикасын желітдіру, елестету, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту.
 Балаға егер қолдарын, аяқтарын немесе басқа да затты алып, құмның бетіне қойып, сәл бассақ, құм бетінде із қалатынын көрсету. Өздеріне із қалдырып көруді ұсыныңыз, содан кейін шыққан ізге түрлі суреттер мен кескіндер салып безендіртіңіз. Жан-жақтарында қоршаған тағы

Желді бақылау.
 Мақсаты: балаларға желді, жапырақтарға, шөпке, гүлдердің сабақтарына, жалауларға, бұлттарға қарап байқауға болатынын көрсету; желдің баяу және қатты соққанын байқауға дағдыландыру; зеректікке, табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру.
 "Біздің үлкен және сұлу қаламыз" тақырыбынд асфальт бетіне борлармен сурет салу.
 "Тауық пен балапандары" қимыл-қозғалыс ойыны.
 Мақсаты: балаларда белгі бойынша қимылдар жасау қабілеттерін дамыту, әр түрлі бағытта жүгіруде және жорғалап кіре білуге жаттықтыру. Еңбек тапсырмасы: ойын аяқталғаннан кейін барлық заттарды жинастыру.
 Мақсаты: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.

Серуеннен оралу	қандай заттармен із қалдыруға болатынын қиялдап көруді сұраныз. Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
-----------------	---

Кешкі ас	Тағамның атауын есте сақтау, тамақтану рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуді, әдепті бала болуды үйренеміз". (мәдени-гигиеналық дағдылар)
----------	--

Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу	"Қуыршақтар" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсаты: әр түрлі ыдыс-аяқ түрлері туралы білімдерін бекіту, ыдыс-аяқты мақсатына сай пайдалану дағдысын қалыптастыру; тамақтану кезінде өзін-өзі ұстау мәдениетіне тәрбиелеу.	"Көңілді шақпақтар" (бормен "классик" ойыны желісімен.) Мақсаты: балаларды екі аяқпен алға жылжи отырып секіру қабілетін дамыту; вестибуляр аппаратын, дене, аяқ бұлшық еттерін ұлғайту; зеректікке, ептілікке тәрбиелеу. Педагог асфальтқа шақпақтарды өзі салып, балаларды ойын мазмұнымен, шартымен таныстырады; шақпақ іздерін баспақ секіруді көрсетеді. Сәбилер жәй ғана, 1-ден 10-ға дейін секіре алады. (Ал ересек балалар тас лақтырып, сол тасқа дейін секіріп, тасты алып кері қайтады.) Кеңес: "Жұқпалы вирус ауыруын алдын-алу шаралары".
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	"Күз мезгіліне дайындықтар" атты тақырыпта атааналармен әңгімелесу.	